

Халық таңдауы – ел еркіндігінің кепілі

3-бет



Политологи о назначении акимом Алматы бывшего главу Нацбанка

4 стр.



Соттың абыройы – әділ шешім шығару, заңсыздыққа жол бермеу

4-бет

Qarasaı aýdandyq aptalyq qoǵamdyq-saıası gazeti | Карасайская районная еженедельная общественно-политическая газета

# NAQTY

(Zaman jarshysy)

№ 5 (8487)

4 aqpan (juma) / февраля (пятница) 2022 jyl / год

zgazeta@mail.ru Naqtygazeti.kz NAQTY.KZ Naqty.kz Naqty.kz Naqty.kz

1933 jyldyń qyrkúıek aıynan shyǵady / Газета выходит с сентября 1933 года

# Қ.Тоқаев: Азаматтарымыздың құқығы бұзылмайды

## Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Хабар» телеарнасына берген сұхбаты

**– Қасым-Жомарт Кемелұлы, уақыт бөліп, қазақстандық БАҚ өкілі ретінде маған сұхбат беруге келіскеніңіз үшін Сізге көп рахмет. Өйткені мен Ақордаға сирек келетін, арнайы пулдың құрамына кірмейтін журналистпін. Соған қарамастан, осындай мүмкіндікке ие болып отырмын. Бұл үшін алғысым шексіз…**

– Шын мәнінде, кейінгі кезде сұхбат алу жөнінде маған отандық және шетелдік телекомпаниялардан көп өтініштер түсіп жатыр. Олардың бәрінен бас тарттым. Тек «Хабар» телеарнасына, соның ішінде президенттік пулға кірмесеңіз де, Сізге ғана мүмкіндік беріп отырмын. Кәсіби мамансыз. Бүгін өте тұщымды әңгіме болады деп сенемін.

**– Бүгін, шын мәнінде, тарихи сәт. Себебі бәрімізді әлі де алаңдатып отырған «Қасіретті қаңтар» оқиғасынан кейін алғаш рет отандық БАҚ өкіліне сұхбат бергелі отырсыз. «Енді не болады» деген қобалжу да бар. Мен сол оқиғалар кезінде өзімнің сүйікті қалам – Алматыда, демалыста едім. Яғни болған оқиғаның бәрін өз көзіммен көрдім десем де болады. Расында, терезенің арғы жағында жарылған граната ма әлде «Калашниковтың» кезекті оқ жаудыруы ма айыра алмадық. Бәріміз бұл сұмдықтың тезірек аяқталуын тіледік. Сол оқиғалардан кейін біраз уақыт өтсе де, көпшіліктің көкейінде көп сұрақ қалды. Әркім әртүрлі айтып, сан-саққа жүгіртеді. Бұл, шын мәнінде, бұзақылыққа ұласып, бақылаусыз кеткен бейбіт шеру ме әлде алдын ала жоспарланған мемлекеттік төңкеріс пе? Шын мәнінде не болды?**

– Бұл – алдын ала жоспарланған қастандық әрекет. Наразылықтар бейбіт митингілерден басталып, соңы бұзақылыққа, тонаушылыққа ұласты. Осы оқиғалар – кәсіби адамдардың ойластырған және солардың жүзеге асырған жымысқы операциясы. Әуелі жұртшылық бейбіт митингке шықты. Демонстранттарға қарсы күш қолданылған жоқ, қолданылуы да мүмкін емес еді. Келесі лекпен олардың орнына жай ғана бұзақылық істеп, полиция қызметкерлеріне сес көрсетіп, тас лақтырып жүрген жастар келді. Артынша үшінші



толқын жалғасты. Бұлар арнаулы дайындықтан өткен кәдімгі кәсіби лаңкестер басқарған тонаушылар, кісі өлтірушілер, зорлық жасаушылар еді. Содырлар күштік органдар ғимараттарының орналасқан жерін өте жақсы білген және сол нысандарға шабуыл жасалды. Лаңкестерді материалдық құндылықтар қызықтырған жоқ, оларға қылмыстық істер, құқық қорғау қызметкерлерінің жеке құжаттары керек болған. Яғни бұның өте мұқият ойластырылған, шетелдік содырлар жалданған террористік операция екені анық. Өзіңіз білесіз, олар Алматының әуежайына шабуыл жасады. Қазір тергеу амалдары барысында әуежайды Орталық Азиядағы қалалардың бірінен ұшып келген адамдарды күтіп алу үшін әдейі басып алғаны анықталып жатыр. Сырттан келгендер – арнайы дайындалған содырлар мен олардың командирлері.

Лаңкестер гастарбайтерлер ретінде ұшып келіп, шекаралық өткізу бекеттерінен кедергісіз өткен. Сөйтіп, қалаға кіріп жоспарлы операцияларды басқарған. Кейін құқық қорғау органдары күш алып, қайта соққы бергенде, тез арада сол Алматы әуежайы арқылы ұшып кеткен. Сондықтан тағы да қайталап айтамын, бұл – жоспарлы түрде жүргізілген операция. Олардың мақсаты – мемлекеттік институттарды жою, конституциялық құрылымға нұқсан келтіру, түптеп келгенде билікті басып алу. Дегенмен әлі де тергеу жүргізілуде. Бәрі де анықталады.

Енді «Бұған олар қалай қол жеткізді?» деген сұрақ қойғыңыз келіп отырған шығар. Қазір біз ауқымды тергеп-тексеру жұмыстарын жүргізіп жатырмыз. Өкінішке қарай, дәл осындай жағдайда құқық қорғау органдарының нақты әрекет ету алгоритмі болмай шыққаны анықталды.

Мен Мемлекет басшысы ретінде командалық-штабтық, әскери бірнеше оқу-жаттығу жиынына қатыстым. Бұл жаттығулар шынайы жағдайлар, соның ішінде Алматыда болған оқиғалар кезінде ешқандай пайдаға аспады.

(Жалғасы 2-бетте)

**В РАМКАХ РЕАЛИЗАЦИИ КОНЦЕПЦИИ «СЛЫШАЩЕЕ ГОСУДАРСТВО»**

# Прием граждан: разговор о наболевшем

**На днях аким района Жандарбек Далабаев провел прием граждан. Вместе с ним на вопросы жителей округов отвечали его заместители, а также руководители ряда служб. Прием проходил в онлайн-формате.**

Танзиля МУХТАРОВА

Первыми вышли на связь представители Первомайского сельского округа. Временно проживающая в селе Кайнар Сауле Нурманова испытывает острую нужду в жилье, но при этом она не стоит в очереди, не имеет пенсионных отчислений и не подходит ни под одну из шести категорий граждан, которым положено жилье по государственной программе. Этот вопрос необходимо будет изучить акиму округа Ельдосу Мукатаеву.

Ряд требующих решения проблем подняли ветераны-афганцы. К ним относятся пересмотр суммы единовременной социальной помощи; предоставление земельного участка под строительство офиса или же помещения под офис; возведение памятника в честь погибших воинов-афганцев; обеспечение жильем семей, живущих на съемных квартирах. Как было сказано во время приема, ответы по всем четырем вопросам будут даны в письменном виде.



В Райымбекском сельском округе жителей волнуют вопросы обеспечения питьевой водой и высокая цена для подведения к домам природного газа, которая выросла с 360 тысяч до 420 тысяч тенге. По воде в текущем году вопрос будет решен, для чего планируется проведение труб протяженностью семь километров. Что же касается природного газа, то необходимо будет поговорить с руководством предприятия, занимающегося газификацией населенных пунктов данного округа.

Жителей Умтылского сельского округа волнует то, что по 78 маршруту проезд до рынка «Алтын орда» вырос до 200 тенге. В Иргелинском сельском округе поднимались вопросы по 13-ому району, где имеются проблемы с качеством дорог, с водо- и электроснабжением.

Во время приема о своих наболевших проблемах смогли сказать представители разных округов. Каждая из них взята на контроль. Будут изыскиваться возможные пути решения. По многим поднятым во время приема вопросам ответы будут даны в письменном виде.

ФОТО Айдара КАЛИЕВА.

**С ПРИЕМА ГРАЖДАН СЕКРЕТАРЯ ОБЛАСТНОГО МАСЛИХАТА**

# Поддержать сельчан в решении трудных вопросов

**Секретарь Алматинского областного маслихата Жанболат Жоргенбаев объезжает районы области и проводит прием граждан по личным вопросам. Своими проблемами смогли поделиться с ним и карасайцы. Встреча с ними проходила в Каскелене, в районном маслихате.**




Танзиля МУХТАРОВА

Представители нескольких многодетных семей попросили помочь подвести воду к их домам. На улицах, где они живут, вода уже проведена, но чтобы она пришла еще и в дома, необходимо оплатить в частном порядке. Средств на это у семей нет. Вот они и попросили оказать содействие.

Данная проблема актуальна для жителей сел Турар, Исаево. Кроме того, как отметила мать девятерых детей Кульзира Байбосынова, в селе Турар необходимо открыть творческие детские кружки и секции, построить детские площадки, наладить работу почтового отделения и медицинского центра.

Роза Сейдахметова из села Шамалган также подняла вопрос водоснабжения, но уже нового жилого массива по улице Наурыз и в районе школы имени Альжан Бухарбай. На свои средства жители отремонтировали здесь дорогу, провели электричество, но вот взять на себя еще и вопрос с водоснабжением им не по карману. Поэтому просят помощи у государства. В этой связи было поручено оформить заявку на подготовку проектно-сметной документации (ПСД), чтобы рассмотреть ее на сессии районного маслихата, которая будет проходить в марте текущего года. Работы начнутся по мере подготовки ПСД, прохождения госэкспертизы, тендера – осенью или же с переходом на 2023 год.

Ботагоз Муканова сказала о том, что нужно проведение ремонтных работ на улице Астана в селе Береке. Радостной вестью стало то, что заявка на подготовку ПСД, поданная в областное управление экономики и бюджетного планирования, была одобрена. На эти цели выделено 214 млн. 893 тыс. тенге. Значит, вопрос решится положительно.

Другая волнующая многих сельчан проблема – тарифы на свет и газ. К тому же, как заметил Жанболат Акебаевич, в районе имеется порядка 200 трансформаторных подстанций, которые, как говорится, повисли в воздухе и являются бесхозными, поскольку АО «Алатау Жарық Компаниясы» не принимает их на свой баланс. Кроме того, во многих местах устарели электрооборудование, опоры, используемые для протягивания линий электропередач. В этой связи секретарь областного маслихата сказал о том, что назрела необходимость тщательно изучить все эти вопросы комиссионно и вынести конкретные предложения на рассмотрение акима области. Эту работу было поручно взять на контроль депутату областного маслихата Даулету Жарасбаеву.

Ощутмая поддержка будет оказана и приехавшему на прием в инвалидной коляске жителю села Кокозек Ельтайского сельского округа, инвалиду первой группы Талгату Игиликову, который попросил помочь с проведением в его дом природного газа, поскольку у него самого необходимых средств нет. Кроме того, было решено поддержать его с приобретением специальной машинки и всего необходимого для того, чтобы Талгат мог заниматься сапожным ремеслом, а также обеспечить его новой инвалидной коляской.

За каждым рассмотренным во время приема граждан вопросом были закреплены ответственные лица, в том числе секретарь Карасайского районного маслихата Бауыржан Айнабеков, депутаты областного маслихата Даулет Жарасбаев и Жалгасхан Донбаев. Как подчеркнул Жанболат Акебаевич, цель таких приемов – узнать от самих сельчан о волнующих их проблемах с тем, чтобы найти пути их решения, реально помочь тем, кто оказался в трудных жизненных ситуациях.

ФОТО Айдара КАЛИЕВА.

**ЦЕНОВАЯ ПОЛИТИКА**

# Стоимость газа в районе стабильна

**В связи с поручением Президента страны Касым-Жомарта Токаева Правительство приняло меры по утверждению предельных цен на газ для всех регионов Казахстана. Теперь на автозаправочных станциях в районах области сжиженный газ продают по 70-75 тенге за литр. В Карасайском районе цены на газ также стабилизировались.**

Стоит отметить, что в нашем районе работает специальная мониторинговая группа из числа представителей акимата. Они проводят разъяснительную работу среди предпринимателей о необоснованном повышении цен на газ. Ответственные лица отмечают, что цены в регионе стабильные и запасов топлива предостаточно.

В настоящее время предельная розничная цена на газ с учетом налога на добавленную стоимость в Алматинской области составляет 70 тенге за литр (за исключением отдаленных районов, расположенных на расстоянии свыше 200 километров от областного центра, где литр газа стоит 75 тенге).

– Как показал мониторинг цен на ГСМ и сжиженный газ, в настоящее время газ реализуют по 65, 68, 70 тенге за литр, а бензин марки Аи-92 – в среднем по 182 тенге за литр. Только на одной заправке «Бейбарыс», которая находится напротив ресторана «Бамбарбия», газ стоит 75 тенге. Это из-за того, что в основном в районе газ продают маленькие газонаполнительные станции, где установлены небольшие бочки, а «Бейбарыс» является автозаправкой с большим количеством сервиса, – пояснил главный специалист районного отдела предпринимательства Асет Оспанбеков.

Также он добавил, что если операторы допустят повышение цен на горюче-смазочные материалы, то по отношению к ним будут применяться жесткие меры. Вместе с тем стабилизация цен не ограничивается определенным временем, и потому мониторинговая группа продолжит свою работу.

Напоминаем, что на 180 дней установлены



предельные цены на розничную реализацию сжиженного нефтяного газа для заправки автотранспорта на АЗС на территории Казахстана. В разных регионах цены на сжиженный газ будут варьироваться от 50 до 75 тенге за литр. Полный же переход на реализацию сжиженного нефтяного газа через электронную торговую площадку перенесен на год.

Ақтоты МЫРЗАБЕКҚЫЗЫ.

# Мемлекеттік қызмет көрсету сапасын арттыру мақсатында



Кеше аудандық әкімдіктің мәжіліс залында ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Алматы облысындағы Әдеп жөніндегі кеңесінің мүшесі Қуаныш Серікқанов пен ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Мемлекеттік қызмет саласындағы бақылау басқармасының бас маманы Төлеген Кенжебеков Әдеп жөніндегі кеңес жұмысы мен мемлекеттік қызметі туралы заңнамасын түсіндіру мақсатында өңірдегі мемлекеттік қызметшілермен кездесу өткізілді. Аталған тақырыпқа арналған жиыннан соң Қуаныш Қанатұлы аудан әкімдігінің кіші залында азаматтарды қабылдады.

*(Толығырақ газетіміздің келесі санында )*

# Жұмысқа орналасу үшін жолдама алды

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасына сәйкес, екі қолға бір күрек таппай жүргендерді жұмыспен қамту мақсатында, кеше аудандық орталық кітапханада бос жұмыс орындар жәрмеңкесі ұйымдастырылды.

Аудандық халықты жұмыспен қамту орталығының өткізген шарасына 150-ден астам қарасайлық қатысып, 70-ке жуық азамат жұмысқа орналасу үшін жолдама алды.

*(Толығырақ газетіміздің келесі санында)*

# Қ.Тоқаев: Азаматтарымыздың құқығы бұзылмайды

**(Соңы. Басы 1-бетте)**

Біздің ұстанымымыз – демонстранттарға қарсы қару қолданбау. Полиция қызметкерлерінде атыс қаруы болған жоқ. Оларда тек дыбысты граната, көзден жас ағызатын газ және сумен атқылайтын техника ғана болды. Бірақ бұл машиналарды қолдана алмады. Себебі бұзақылар тартып алған. Ал содырлар бейбіт демонстранттарға қарсы қару қолданбау жөнінде полиция қызметкерлеріне бұйрық берілгенін білген. Қолдарында тек күрек пен сойыл ғана бар жас десанттар өте қатты зардап шекті. Бұзақылар оларды шешіндіріп, Президент резиденциясына шабуыл кезінде тірі қалқан ретінде пайдаланған. Олар әйелдерді де аямаған, тіпті ешқандай аяушылық сезім болмаған.

Тергеу барысында лаңкестердің қарулы қақтығыс кезінде есірткі тұтынғаны анықталып жатыр. Қақтығыстардың соңына қарай күштік құрылымдар қару қолданып, содырлардың аяқтарынан атқан. Сол кезде олар жараланып құласа да, ауырсынуды білмеген, тіпті сезбеген. Міне, бұл да олардың өте мұқият дайындалып келгенін көрсетеді.

Бұзақылардың көпшілігі Алматыдағы бес жұлдызды қонақ үйде жатқаны анықталды. Олардың ақшасын кім төледі? «Қазақстан» қонақ үйінің бірінші қабатында командалық штабтары орналасыпты. Қазір тергеу жүргізілуде. Бірнеше адам сұрақтарға жауап беріп жатыр. Бұрын, тіпті ойға келмеген деректер ашылуда.

**– Осы мемлекеттік төңкеріс жасау әрекетінің артында кім тұр деп ойлайсыз?**

– Оны тергеу анықтайды. Алдын ала ештеңе айтқым келмейді және оным дұрыс болмайды. Әлі атқаратын жұмыс көп. Бір айта кетерлігі, содырлар мен олардың командирлерінің көпшілігі Алматыдан кетіп үлгерген. Бірі ауыл-аймаққа, енді бірі шекарадан өтіп көрші елдерге қашты. Тағы біреулері бет әлпетін өзгертіп бұғып қалды. Сақал-мұртын қырып, сыртқы келбетін өзгертіп ел ішінде жүргендері де бар. Оларды тұтқындаса, «біз жай өтіп бара жатқан едік» деп байбалам салып жатыр. Олай болмайды. Алматыдағы тәртіпсіздіктердің ауқымын өзіңіз көрдіңіз. Ал жеме-жемге келгенде бәрі де жай жүргінші боп шыға келеді. Әрине, азаматтарды заңсыз ұстау, оларға күш қолдану деректерінің бәрі тексеріледі. Бұл мәселелерге мұқият қарау керек.

**– Әрине, мұның бәрін тексерген жөн. Бірақ қазір құқық қорғау органдарының іс-әрекеттеріне қатысты көп сын айтылып жатыр. Сіз оған назар аударып, Бас прокуратураға тапсырма бердіңіз. Дегенмен әлеуметтік желілерде бейбіт тұрғындарды ұрып-соғып, азаптайды деген жазбалар «желдей есіп» тұр.**

– Ондай арыз-шағымдарда асыра сілтеп жібергендер де бар. Әрине, Алматыда болған оқиғаға байланысты алаңдаушылықтарды түсінуге болады. Сондықтан Бас прокуратураға әрбір жағдай бойынша мұқият тексеру жұмыстарын жүргізуді тапсырдым. Бұдан бөлек, белгілі құқық қорғаушы, адвокат Айман Омарова бастаған Қоғамдық комиссия құрылыпты. Оны бұқаралық ақпарат құралдарынан оқып білдім. Мен бұл шешімді қолдаймын. Шын мәнінде, қайғылы оқиғалар кезінде болған жағдайларды жан-жақты тексеру үшін қоғам белсенділерін тартуымыз керек.

Адам құқығы жөніндегі омбудсмен Эльвира Әзімова мен белгілі құқық қорғаушы Жеміс Тұрмағамбетованың уақытша ұстау изоляторларына барып, ұсталғандармен кездесіп, олардың жағдайларын көріп, арыз-шағымдарын тыңдап жүргенін білемін. Бұл өте пайдалы жұмыс деп санаймын. Мен Мемлекет басшысы ретінде азаматтардың құқықтарының бұзылмауына мүдделімін. Әрбір жағдай жіті тексерілуге тиіс екенін тағы да қайталап айтамын.

**– Осы іске жұртшылықтың араласқаны жақсы болған екен. Құқық қорғау органдарына қандай да бір еркіндік берілді. Қалай ойлайсыз, олар асыра сілтеп жібермей ме?**

– Біз бұл мәселеде «Сцилла мен Харибданың» арасынан өткендей болуымыз керек. Ең алдымен, бейбіт азаматтар мен Алматы тұрғындарына қарсы бұзақылық әрекеттерге қатысқан адамдарды табуымыз қажет. Екіншіден, азаматтардың құқықтары бұзылмауға тиіс. Бұл әрекеттерге мыңдаған бұзақы қатысты деп жаңа айттым. Енді аяқ астынан, бәрі «кездейсоқ жүргінші» болып шыға келді. Мен полицияның заңсыз әрекеттерін ақтап отырғаным жоқ. Егер ондай жағдайлар болса, біз міндетті түрде жолын кесеміз. Ішкі істер министрі тиісті ескертпесін алды. Сондықтан мүмкіндікті пайдалана отырып, азаматтарға, Алматы тұрғындарына құқықтарының бұзылмайтынын мәлімдеймін.

**– Жиырма мың террорист болды деген дерекке қатысты сұрақ көп. Олар қайдан келген?**

– Біріншіден, Алматыдағы бұзақылық әрекеттер бір сағат қана болған жоқ. Полиция департаментінің ғимараты үшін жүргізілген соғыс екі түнге созылды. Полицейлер содырлардың барлық шабуылына тойтарыс берді.

Екіншіден, лаңкестер полиция мен әскери қызметшілерді сан басым-дығымен алды. Бұл содырлардың өте көп болғанын білдіреді.

Үшіншіден, бандиттер Алматыға полиция блок-бекеттері қойылған жақтан, яғни үш бағыттан келіп, талқандап кетті. Полицейлер орын ауыстырып, қайтадан алаңға жиналған. Тағы да қарусыз еді. Мәселенің мәнісі – осында. Енді келіп, бұзақылар аз болды дейді. Шын мәнінде, бұзақылар лек-легімен жүрді. Оларды басқарып жүрген біреулер болды. Бір легі барды да, тонады. Одан соң екіншісі келді.

**– Сіз ескертусіз оқ атуға бұйрық бердіңіз. Бұл шешім АҚШ пен Еуропадағы демократиялық қоғамдастықтың алаңдаушылығын туғызды. Мұндай қатаң шешім қабылдауға не түрткі болды?**

– Жоғарыда аталған жағдай бойынша құқық қорғау органдары басшыларының нақты алгоритмі, іс-қимыл жоспары болмағанын айттым. Істің мән-жайын бағамдай алмадық. Оны ашық мойындауға тиіспін. Құқық қорғау органдарының басшылары өздеріне жауапкершілік алуға жүрексінді. Жігерсіздік танытты. Мен оларға: «Егер маршал Рокоссовский мен маршал Жуков Сталиннен әрбір іс-қимылдары туралы күнде келіп, рұқсат сұрай берсе, соғыста жеңер ме еді?» – дедім. Бұл – нағыз соғыс. Жауапкершілікті мойынға алу керек еді. Осыған орай ашық мәлімдеме жасағанға дейін қарулы содырларға қарсы оқ атуға тиіспіз деп айтқан болатынмын. Мен жауапкершілікті өз мойныма алдым. Ал өз мәлімдемемде мұны қайталадым. Өйткені жауапты адамдар жүрексінді. Дәл осындай жағдайда Мемлекет басшысы жауапкершілікті өзіне алуға тиіс деп ойлаймын. Мен кәсіби дипломатпын. Мұның салдары қандай болатынын білдім. Бірақ мен үшін мемлекеттің мүддесі, азаматтарымыздың қауіпсіздігі бәрінен де маңызды еді. Мен ол кезде Батыстың не дейтіні туралы емес, елімізде тәртіп орнатуды ғана ойладым.

**– Жағдайдың шиеленіскені соншалық, Сіз Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымының бітімгерлік күштерін шақырдыңыз. ҰҚШҰ-ның бітімгерлік операциясы сәтті жүзеге асырылғаннан кейін «Владимир Путинге «қарыздар» болып қалды, енді бірқатар мәселе бойынша оның талаптарына келісуге мәжбүр болады» деген пікірдің бар екені жасырын емес. Мұндай пікірлер Ресейде де, Батыста да айтылып жатыр.**

– Біріншіден, Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымы – біздің ортақ ұйымымыз. Қазақстан – осы ұйымға мүше. 1992 жылы оны құруға атсалыстық. Тұңғыш Президентіміз Нұрсұлтан Назарбаев тиісті бастама көтерді. Сондықтан мен бөтен адамдардан емес, ҰҚШҰ-ны көмекке шақырдым. Демек мен өзіме, яғни одақтастарымызға жүгіндім.

Екіншіден, ҰҚШҰ бітімгерлік күштерін тарту ісі осы ұйымның келісілген құжатына сәйкес орындалды. Сондықтан бұл заңды деп санаймын.

Үшіншіден, Қазақстанға келген ҰҚШҰ бітімгерлік контингенті бірде-бір оқ атқан жоқ. Бітімгерлік күштер стратегиялық нысандарды ғана күзетеді, қалған мәселені өзіміз шешеміз. Бізге тыл керек деп ең басында келісілген болатын.

Төртіншіден, Қазақстанға бітімгерлік күштердің келгені туралы ақпарат психологиялық тұрғыдан маңызды рөл атқарғанын, бұзақылардың зәре-құтын қашырғанын түсінген жөн. Мұның үлкен күш екені түсінікті. Айтпақшы, бұл біріккен бітімгерлік контингент. Оның құрамында Ресейден бөлек Беларусь, Армения, Тәжікстан және Қырғызстан елдерінің әскери бөлімдері де болды.

Ал енді «қарыздар» және тағы да басқа қауесеттерге келер болсақ, бұған қатысты Владимир Путинмен ешқандай әңгіме болмағанын ашық айтамын. Кремль тарапынан да алдын ала ешқандай шарт айтылған жоқ.

Түптеп келгенде, Қазақстан үшін Ресей одақтас мемлекет. 2013 жылы Екатеринбургте тиісті шартқа қол қойылды. Айтпақшы, мен ол кезде Женевада едім. Сондықтан бұл шартты әзірлеуге қатысқаным жоқ. Онда Қазақстан мен Ресейдің одақтастық қатынастары туралы айтылған. Біздің елдеріміз арасындағы байланыстар Алматыдағы оқиғаларға дейін де әрдайым тығыз, сындарлы, әрі шын мәнінде серіктестік сипатта болды және жалғаса береді.

Мен ақпан айының ортасына қарай Ресей Президентінің шақыруымен Мәскеуге сапармен барамын. Сонда елдеріміз арасындағы ұзақмерзімді ынтымақтастыққа қатысты аса маңызды келісімге қол қоямыз.

**– Қасым-Жомарт Кемелұлы, интернеттің қауіпсіздік мақсатында сөн-дірілгені түсінікті. Осы кезде жұрт ақпарат ала алмай қалды. Түрлі ақпарат тарады. Енді шын мәнінде не болғанын ежіктеп түсіндіруге мәжбүр болып отырмыз…**

– Рас, біз ақпараттық тұрғыдан жеңілгенімізді мойындауымыз керек. Ешкім менің бұйрығымды да, іс-әрекетімді де толық түсіндіре алмады. Кейіннен мен өзім тікелей араласып, ана жерге барып ананы айт, мына жерге барып мынаны айт деп тапсырмалар беруге мәжбүр болдым. Яғни ақпараттық тұрғыдан жеңіліп қалдық, Сізбен келісемін. Алайда бізде оған уақыт болған жоқ. Өтіп кеткеннен кейін бәріміз ақылдымыз. Ол кезде біз туралы кімнің не айтатынын ойлайтын шама да болған жоқ. Мұндай жағдайда интернетті Қазақстанда ғана емес, басқа да бірқатар елде өшіреді. Себебі оны теріс пиғылды адамдар өз мақсаттарына пайдаланып кетеді. Бандиттік құрылымдардың командирлері арасында ақпараттық тұрғыдан арнайы дайындықтан өткен адамдардың болғанын атап өту керек. Демек жалған ақпараттар легі, былайша айтқанша, фейктер үздіксіз ағылып жатты. Бұның Қазақстанға қарсы жан-жақты дайындалғандардың пайдасына жұмыс істегенін тағы да қайталап айтқым келеді.

**– Тұңғыш Президентке қатысты тақырыпқа нүкте қойсақ қайтеді. Сіз бен Тұңғыш Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың арасында қандай да бір келісім немесе уағдаластық болды ма? Өйткені ол телеарналар арқылы үндеу жасағанға дейін Сіздердің араларыңызда оның жеке басының және отбасы мүшелерінің артықшылықтарын сақтауға қатысты мәселе саудаға салынды деген қауесет бар.**

– Саудаға салу деген мәселе ешқашан болған емес. Жеке басының артықшылықтары жайлы да әңгіме қозғалған жоқ. Тек Қауіпсіздік Кеңесінің Төрағасы мәртебесіне қатысты мәселені шұғыл шешу жөнінде әңгіме болды. Жасыратыны жоқ, жағдай ушығып кеткендіктен, мен халыққа үндеу жасап, осы сәттен бастап Қауіпсіздік Кеңесінің Төрағасы екенімді мәлімдейтінім туралы мәселе көтердім. Бұл – сол сәтте шешілген мәселе. 28 қаңтарда «Нұр Отан» партиясының съезі өтті. Сонда мен сөз сөйлеп, Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың тарихи рөліне лайықты баға бердім. Бұл әділ баға деп есептеймін және алдағы уақытта халқымыз осыған тоқтайды деп үміттенемін.

**– Митингтер басталған кезде көптеген танымал азамат адамдарды көшеге шығуға шақырды. Жалпы, қоғамдағы түрлі жағдайларға қатысты пікір білдіріп жүретін зиялы қауым өкілдері мен танымал тұлғаларға қатысты Сіздің ойыңыз….**

– Тарихтың аумалы-төкпелі сәттерінде зиялы қауымның рөлі айрықша көрінеді. Басымыздан өткен трагедияға қатысты айтар болсақ, зиялыларымыз бен медиа тұлғалар есеңгіреп қалған сияқты. Өйткені ол кезде ахуал тез өзгеріп жатты. Бейбіт шерушілердің орнына алғашында бұзақылар, кейіннен кәсіби бандиттер келді. Осы сәтте алаңдағы арпалысты кейбіреулер түсінбеді. Мүмкін кейбір бұқаралық ақпарат құралдары бейбіт шерушілерге қатысты жазалау шаралары қолданылды деп, бәрін әдейі бұрмалап көрсеткен шығар. Ал шын мәнінде, бұл қасіретті бастан өткерген біз іс жүзінде басқаша болғанын анық білеміз. Қазақстанға шабуыл ұйымдастырушылар алаңдағы жылдам өзгеріп жатқан аласапыранды әдейі ойластыруы мүмкін. Сөйтіп, жағдайды ушықтырды. Мәселен, қалаға бандиттер кірген кезде Алматы тұрғандары олардың кімдер екенін түсінбестен, «міне жарады, көшеге шықты, билікке қарсылық танытып жатыр» деп ұрандап, қолдау көрсетті. Сол кезде қала тұрғындары содырлардың бүкіл қаланы қиратып, отқа орап кететінін білген жоқ еді.

**– Енді, сүйікті қаламыз Алматы туралы айтар болсақ, қаланың Алматы, Алма-Ата атауларына қатысты әртүрлі пікір бар. Бұған сіздің көзқарасыңыз қандай? Сонымен қатар қала әкімі Бақытжан Сағынтаев пен оның орынбасарларына қатысты кадрлық өзгерістер бола ма?**

– Ал өзіңіз қалай ойлайсыз? Әкімнің орнында қалғаны дұрыс па әлде ауыстыру керек пе?

**– Сіз 26 мың адам қол қойған петицияны көрдіңіз бе?**

– Көрдім. Әкімге қатысты айтар болсақ, ол сол сәтте, шынымен де, абдырап қалды. Өмірінде бірінші рет осындай жағдаймен бетпе-бет келген шығар. Кез келген адам қысылғанда тығырықтан шыға білмейді. Сондықтан әкімді айыптағым келмеді. Ол міндетін адал атқаратын қызметкер. Дегенмен алматылықтардың пікірлерін де ескеруім керек. Уақыты келгенде біле жатарсыз. Бұл – бір. Екінші, қала атауына қатысты. Қазір шешім қабылдап, барлық құжаттарды қайта өзгертудің қажеті не? Алматы деп атау қазақтілді жұртшылыққа қолайлы, ал орыс тілінде Алма-Ата деп айту ыңғайлырақ. Ендеше, былай келісейік, қаланың ресми аты Алматы болып қалсын. Ал қала тұрғындары мен қаламызға бейжай қарамайтын азаматтар өздеріне қалай ыңғайлы болса, солай атай берсін.

**– Сіз бизнесмендермен өткен кездесуде жастардың техникалық мамандықтарға көбірек бейімделуі керек екенін айттыңыз. Ол үшін Ресейде білім алсын дедіңіз. Осы бастаманы сынап жатқандар да бар. Олар неге Батыста емес, Ресейде оқу керек деген уәж айтады. Сіз, шынымен, Ресейдің білім беру жүйесін озық деп есептейсіз бе?**

– Ресейде техникалық білім беру сапасы жоғары. Бұл бәріне белгілі. Мысалы, Мәскеуде МФТИ, Бауман училищесі, Новосібір университеті, Томск университеті және басқа да жоғары оқу орындары бар. Әрине, ешкімді міндеттемейміз. Ол жай ғана Ресейге оқуға жіберген дұрыс деген ұсыныс болатын. Біріншіден, тіл мәселесінде кедергі жоқ. Екіншіден, екі ел стратегиялық серіктес, ірі бизнеске қатысты бірлескен кәсіпорындарымыз да бар. Бізге Ресейде оқып, техникалық мамандық алған кадрлар қажет. Кейбіреулер Батыста білім алғысы келеді. Оларға да еш кедергі жоқ. Бірақ ол жақтың білімінің өзіндік ерекшеліктері бар екенін түсіну керек. Батыстың білімін идеал тұтпас едім. Олардың университеттері де диплом басып шығаратын кеңселерге айналып кеткенін білеміз. Жасыратын несі бар, біздің кейбір жастарымыз Батыстағы «ақшаңды төле де, біраз уақыттан кейін дипломыңды ал» дейтін оқу орындарында оқыған. Онысын танымал университет бітірдім деп, тым әсірелеп жібереді.

**– Бизнесмендермен өткен кездесуде елімізде әлдебір олигополия қалыптасқанын айттыңыз. Бұл сөзіңіздің астарында не жатыр? Ат төбеліндей аз ғана іскерлер тобы экономиканың негізгі секторларын бақылап отыр дегеніңіз бе?**

– Иә, шын мәнінде, бұл алаңдататын өзекті мәселе. Олигополия дегеніміз не? Ол – экономиканың негізгі секторларын аздаған адамдар тобының толығымен бақылауы. Өкінішке қарай, бізде осындай жағдай қалыптасқан. Сол аз ғана адамдардың тобы жоғары басшылыққа өте жақын болып, мемлекет тарапынан қабылданатын шешімдерге ықпал еткен. Бұл жағдай бізде де бар.

**– Әрине, біз мұны түсіндік. Ал енді не істейміз?**

– Жұмыс өте көп. Ең алдымен, орта және шағын бизнеспен айналысатын кәсіпкерлердің санын көбейтуіміз керек. Басқа жолы жоқ. Соларға жағдай жасап, несие ресурстарының қолжетімді болуын қамтамасыз еткен жөн. Біздің экономикамыз соншалықты үлкен деп айта алмаймыз. Қазір еуразиялық интеграцияның дұрыс немесе бұрыс екенін саралап отыратын уақыт емес. Қалай болғанда да, еуразиялық кеңістікте өмір сүріп жатқанымызды мойындауымыз керек. Сондықтан оған бейімделіп, мемлекет мүддесі тұрғысынан интеграцияның игілігін көруге ұмтылған абзал. Бұл біздің Үкіметіміз үшін ауқымды әрі өте күрделі жұмыс. Үкімет қызметінің осы бағытына ерекше мән беремін. Бұған жауапты министр Премьер-Министрдің орынбасары деген мәртебеге ие болды. Өйткені ол Мәскеуде де, Еуразиялық экономикалық комиссия аясында да тең дәрежеде келіссөз жүргізе білуге тиіс.

**– Сіз Парламентте сөйлеген сөзіңізде қыркүйек айында әлдебір саяси-экономикалық реформалардың топтамасын ұсынатыныңызды айттыңыз. Қандай реформалар екенін білуге бола ма? «Егер бірдеңені өзгерткің келсе, одан құтылу керек» деген сөз бар. Бұрынғының бәрін жойып, қайтадан бастаймыз ба?**

– Мен кадрлардың бәрін ауыстыруға қарсымын. Біріншіден, оларды біліктілігі мен жұмыстарының сапасына қарай бағалау керек. Жұрттың талабы осы екен деп Үкіметті жүз пайыз өзгертіп, «Міне, мен келдім, мен – революционермін» деу – менің тәсілім емес.

Екіншіден, кадр да көп емес. Осы орайда мынадай бір әзіл-әңгіме бар, бәлкім бұл рас болуы да мүмкін. Бірде Берия Сталинге келіп, «Жазушыларға шара қолдану керек. Фадеев ішеді, Шолохов ішеді, Вишневский ішеді, Симонов ішеді, Алексей Толстой да бұдан кет әрі емес», – дейді. Сталин оған: «Менің басқа жазушыларым жоқ», деген екен.

Бұл жерде де лайықты министрлерді іздеу керек. Көшеден әкеліп тағайындай салуға болады. Ондай жағдай әлем тарихында да бар. Бірақ бұл тұрақсыздыққа әкелуі, бүкіл жүйені шатқаяқтатып жіберуі мүмкін. Сондықтан кадр мәселесіне мұқият болған жөн. Алдағы уақытта жан-жақты ойластырылған, пысықталған өзгерістер жасалатыны анық. Біз, ең алдымен, Қауіпсіздік Кеңесінің аясында ұлттық қауіпсіздік жүйесін реформалаймыз. Қаңтардағы қайғылы оқиғалар бұл мәселенің қаншалықты өзекті екенін көрсетті. Сондықтан осы проблеманы көп созбай шешу қажет.

**– Аталған реформаларды жүзеге асыру үшін қанша уақыт керек?**

– Реформалардың мәні адамдарды өзгерту емес. Реформалар, ең алдымен, жүйені өзгерту немесе жүйенің кемшіліктерін түзетіп, оның қызметіне түбегейлі өзгерістер енгізу деген сөз. Алда болатын кейбір оқиғаларға болжам жасай отырып, еліміздегі парламент пен партия жүйесін реформалау жөнінде ойларым бар. Мемлекет басшысы ретінде бұл туралы 28 қаңтарда өткен партияның съезінде айттым. Президент қоғамдық-партиялық және саяси құрылымдардың бәрінен біршама жоғары тұруға тиіс деп санаймын. Әртүрлі қоғамдық-саяси күштерді мемлекетіміздің мүддесіне жұмылдыра білуім керек.

**– Иә, бәлкім, елімізде лайықты оппозиция бірте-бірте қалыптасар. Әйтпесе, меніңше, оппозиция деген жай сөз ғана сияқты.**

– Әрине, оппозиция бізде бар, бірақ көбінесе көшеде ғана. Сізбен келісемін. Билік партиясының өзінде де оппозиция бар. Бұған дейін айтқанымдай, партия қоғам қажеттіліктерін ескере отырып, қайта құрылуға тиіс. Мәжілісте бірнеше күшті партиялар болуы керек деп санаймын. Тіпті Үкіметті жасақтау кезінде конституциялық басымдық болмаса, олар ортақ мәмілеге келу керек. Бізге саяси мәдениет қалыптастырып, саяси қайраткерлерді өсірген жөн. Себебі мұндай экстремистік жағдайларда бізге қоғамдық популизм мен экзальтация қажет емес. Мысалы, Германияда барлығы да мәдениетті түрде өтеді. Партиялар ауысады. Адамдар байсалды сөз сөйлейді. Басқа партиялар оларды тыңдап, белгілі бір мәмілеге келеді. Үкіметтегі негізгі лауазымдарға өздерінің адамдарын ұсынады. Уақыт өте келе, біз де осыған келеміз деп ойлаймын. Мен Президент болып тұрған кезде осы нәтижеге қол жеткізгім келеді.

**– Шын мәнінде, қазіргі уақытта халық Сізден зор үміт күтеді. Елімізде өзгеріс жасай алатын Президент бар деп түсінеміз. Бұрын мұндайды сезінбейтін едік….**

– Бұрынғының бәрін сынай бермейік. Қалай болғанда да, бұл – біздің тарихымыз. Бірақ менің Президент ретіндегі басты міндетім – бүкіл қоғамды және барлық саяси жүйені, соның ішінде экономиканы трансформациялаудың оң нәтижесіне қол жеткізу. Қазақстан халқына арнаған ең алғашқы Жолдауымда саясат пен экономика қатар жүретінін айтқан едім. Қазіргі тарихи жағдайда бүгін экономикамен айланысамыз, ал саясат күте тұрады деп айта алмаймыз. Экономикалық жаңғыруды қарқынды жүзеге асыруда саясат та маңызды рөл атқаратыны белгілі. Түптеп келгенде, баршамыз Марксты оқыдық, әсіресе, менің замандастарым. Бұл жөнінде Маркстың: «Негіз – бұл экономикалық базис. Бірақ экономикалық базиске ықпал ететін саяси құрылым бар. Кейде экономикалық базиске қарағанда, саяси құрылым әлдеқайда маңызды рөл атқарады» деген ой-тұжырымы бар. Сондықтан қоғамды саяси трансформациялаумен қатар экономиканы қайта жаңғыртуды да бірге алып жүру керек. Бұл – менің миссиям. Қанша уақыт Қазақстан Президенті болатынымды білмеймін. Бірақ нақты білетінім, Конституцияға сәйкес екі мерзімнен ұзақ отыра алмаймын. Яғни ешқандай заңға, әсіресе Конституцияға өзгерістер енгізілмейді.

**– Сот жүйесіне реформа жасала ма?**

– Турасын айтайын, сот жүйесіне алаңдаушылықтың болуы заңды. Қазіргі уақытта реформа жүргізіліп жатыр. Оның қалай және қандай қарқынмен іске асырылып жатқаны – басқа мәселе. Мен кәсіпкерлермен өткен кездесуде бұрын болмаған Әкімшілік істер жөнінде алқа құру туралы айттым. Бұл құрылым кәсіпкерлік мәселелерді, инвестициялық дауларды қарастырумен айналысады. Қазір біз судьяларды іріктеу кезінде шешуші рөл атқаруға тиіс Жоғарғы Сот кеңесінің мәртебесін біршама күшейтіп келеміз. Судьялар корпусына кәсіби судья емес адамдарды да жібердік. Кәсіби судья әділ төреліктің кепілі деген сөз емес қой. Сол сияқты корпоративтік сектор мен басқа да салаға мамандарды жолдап отырмыз. Яғни судьялардың кәсіби құрамына өзгеріс жасау қажет. Оларға қойылатын басты талап – адалдық пен әділдік.

**– Сіздің бастамаңызбен құрылған «Қазақстан халқына» қорының қамқоршылық кеңесі жасақталды. Қазірдің өзінде 20 миллиард теңгеден астам қаржы түскен. Мүмкін, оның жұмыс істеу тетігі әлі де нақтыланбай отырған шығар. Өйткені олигархтар қорға ақша аударуға асығар емес. Бұл үрдіс тұрақты болу үшін оларға қатысты қандай да бір шара қолданыла ма?**

– Қазіргі кезде Қордағы ақша 20 миллиардтан әлдеқайда көп, шамамен 50 миллиард теңгедей. Мен Қордың жұмысына араласпаймын. Бұрынғы Қаржы министрі Болат Жәмішев Қордың басшысы болып тағайындалды. Қамқоршылық кеңесі бар. Олар қоғамдық бастама бойынша жұмыс істейді. Менің жұмысым Қорға жарна түсіру ісіне ықпал ету және бұл жөнінде өзімнің ұстанымымды айттым. Біріншіден, бұл – салық емес, қайырымдылық. Бірақ әрдайым оның да белгілі бір параметрлері болуы керек. Үкімет салық салынатын табыстың 3 пайызы деп белгіледі және бұл тек ірі бизнеске ғана қатысты. «Қазақстан халқына» қоры науқас балаларға, бұқаралық спортқа, оның ішінде ауылдық жерлердегі балалар спортын дамытуға, Алматыны қалпына келтіруге, мәдениетті өркендетуге және басқа да игі шараларға көмектеседі. Бұл мәселелермен Қам-қоршылық кеңесі айналысады.

**– Тағы бір мәселе. Европарламент Қазақстандағы оқиғалар бойынша қарар қабылдап, халықаралық тергеу жүргізуді талап етуде. Бұл құжатқа қатысты Сіздің пікіріңіз және Европарламент институтына көзқарасыңыз қандай?**

– Институт ретінде Европарламентке деген көзқарасым дұрыс. Осы құрылымға мүше болу мемлекеттерге қаншаға түсетінін адамдар білсе, онда бұл институтқа деген сыни көзқарастары күшейе түсер еді. Бірақ бұған тоқталғым келмейді. Өйткені бұл – Европалық одақтың мәселесі. Егер олар мұндай институт қажет деп санаса, өздері білсін.

Қарар ештеңеге міндеттемейді. Ұсыныс ретінде айтылған. Қазақстанға қатысты екінші рет қарар қабылданып отыр. Мұны мүлдем объективті емес және күні бұрын қабылданған құжат деуге болады. Сондықтан бұл қарарға бола еш алаңдамаймын. Қазақстандағы оқиғаларға қатысты халықаралық тергеуге келетін болсақ, мұндай тергеу жүргізудің қажеті жоқ деп есептеймін. Өзіміздің де қолымыздан келеді. Бізде де адал әрі әділ мамандар бар. Бүгін ол азаматтардың біразының аттарын атадым. Бұл комиссияларды құруға мен де және менің әкімшілігім де қатысқан жоқ. Өздері ерікті түрде осындай институт құруға шешім қабылдады. Жұмыс істесін. Өйткені мен де ақиқаттың ашылып, шындықтың айтылуына мүдделімін.

Тағы бір айта кетерлігі, бұл қарардың қабылдануына лоббистер түрткі болған. Лоббистер – кезінде Қазақстанның қыруар ақшасын қалтасына басып шетелге кеткендер. Қазір олар сол ақшаларын елімізде түрлі шерулер ұйымдастыруға жұмсап, «қаншалықты жаман болса, соншалықты жақсы» деген қағидаға сүйенетін адамдардың тапсырысымен жұмыс істейді. Мен бұларды Өзбекстанның олигархтарымен салыстырамын. Шетелде мол қаражат тапқан олар өздерінің тарихи отанына келіп, Өзбекстан Президентінен «Өзбек халқына не істей аламыз, қандай көмек керек?», – деп тапсырма сұрайды. Содан кейін өз қаражаттарына ауруханалар, инфрақұрылымдар салады. Елімізде отырып немесе шетелде жатып, өз еліне шабуылдайтын біздің олигархтардың өзбек олигархтарынан айырмашылығы міне, осындай.

**– Соңғы кездері синофобиялық пікірлер байқалып жүр. Кейбір адамдар Қытайдың Қазақстан экономикасына қатысуына наразылық білдіруде. Қытаймен арадағы ынтымақтастықтың сипаты өзгере ме? АҚШ-пен қарым-қатынасымыз қалай өрбімек? Байланыстарымызға сызат түсуі мүмкін бе?**

– Қытайға қатысты айтар болсақ, көршіні біз таңдамаймыз. Қытай, ең алдымен, біздің Құдай қосқан көршіміз. Екіншіден, Қытай – экономикалық даму жағынан орасан зор табысқа жеткен ел. Жоғары технология, жасанды интеллект тұрғысынан алып қарағанда, алдыңғы қатарда тұрған мемлекет. Әрине, Қытаймен ынтымақтастық жасауымыз керек. Біз Қытайдың нарығына тәуелдіміз. Елімізде стратегиялық өнімдер шығаратын ірі кәсіпкерлердің бәрі Қытай нарығына үміт артады. Бұны жоққа шығару дұрыс емес. Қытайға қарсы шеру өткізетіндер өздерінің саяси мақсатын жүзеге асырғысы келетіні анық. Бәлкім, олар экономикамызға не қажет екенін мүлде түсінбейтін және экономикалық шынайы ахуалдан хабары жоқ адамдар. Әйтпесе, әлемдік қоғамдастықта геосаяси қақтығыстар жүріп жатқан қазіргі кезде оларға қандай да бір қорлар мен құрылымдардан ақша төленуі де мүмкін.

Жуырда өткен «Орталық Азия – Қытай» саммитінде былтырғы 11 айдың ішінде екі ел арасындағы сауда айналымы 17 миллиард долларға жеткенін айттым. Бұл – маңызды көрсеткіш. Біз Қытаймен арадағы сауда-экономикалық, инвестициялық серіктестікті одан әрі дамытуға мүдделіміз. Қытайды тануымыз және қытай тілін үйренуіміз керек. Әрине бұл «ақ жалау көтеріп, алдынан шығу» деген сөз емес. Біз Қытайдың үлкен әрі ұлы мемлекет екенін және екі елдің өте жақсы қатынаста болуы керектігін түсінгеніміз жөн.

Ал АҚШ-тың қазіргі әлемде маңызды рөл атқаратыны баршаға мәлім. Біз энергетика саласы мен ядролық қаруды таратпау мәселесі бойынша әрқашан ынтымақтастықты дамыту бағытын ұстандық. Қазақстан бұл бағытты жалғастыруға дайын.

**– Сіз шынымен де мемлекет мүддесін жеке қарым-қатынасыңыздан жоғары қоясыз ба?**

– Осы соңғы оқиғалар мемлекеттің мүддесін бәрінен жоғары қоятынымды көрсетті деп ойлаймын. «Платон менің досым, бірақ ақиқат қымбат» деген сөзді көпшілікке ұнау үшін айтқан жоқпын. Бұл бос сөз емес. Шын мәнінде, Президент үшін мемлекеттің мүддесі қашанда бәрінен жоғары тұруы керек деп есептеймін. Менімен жақсы қарым-қатынастағы адамдардың да құлағына алтын сырға. Егер таразы басында мемлекеттің мүддесі тұрса, онда мен бұл қатынастан бас тартуға тиіспін.

**– Адами тұрғыдан қиын ғой. Олай істеу мүмкін бе?**

– Мемлекет басшысының міндеті – аса күрделі шешімдер қабылдау. Біз бүгін құқық қорғау органдарына қарулы бандиттерге байланысты берген бұйрығым туралы айттық. Әрине, мен өзіме және беделіме нұқсан келтіретін шешім қабылдадым. Әлемдік қауымдастық алдында мінсіз тұлға болып, қол алысып, сөз сөйлеп жүре берген, әрине жақсы. Ал сынға ұшыраған оңай емес. Сөз мемлекеттің қауіпсіздігі туралы болып отыр. Ең алдымен, өз азаматтарымыздың амандығын ойлаған абзал. Бұл мәселе үнемі Президенттің жадында болуы керек.

**– Жұртшылықтың басым көпшілігі еліміздегі тәртіпсіздіктер мен іске аспаған төңкеріс кезіндегі Сіздің шешіміңізді қолдады. Жақсы баға беріліп жатыр. Қазақтың бір ақыны сізге өлең арнады. Біз осы бәз-баяғы қалпымызда жүрген жоқпыз ба? Мұндай жағдайды бастан өткердік қой. Жалпы, мадаққа қалай қарайсыз?**

– Мен бұған қарсымын. Өйткені мақтау, мадақтау сөздері мүлде жоқ ортада өстім. Мен мұндай жағдайларды қолдамаймын. Мақтау сөздерге табиғи иммунитетім бар дей аламын. Бірақ біздің кейбір зиялы қауым өкілдерінің көзқарасын өзгерту оңай емес. Әрине, олар мүлде басқа ортада өсті. Мақтау сөздер мен мадақтың еш қажеті жоқ.

**– Қасым-Жомарт Кемелұлы, бүгінгі сұхбатыңыз үшін алғысым шексіз. Бәріміз қызығы мен шыжығы көп уақытта өмір сүріп жатырмыз. Қазақстанның бірде-бір тұрғыны жауапкершіліктен қашпайды. Өйткені қазір мұны біз үшін біреу істейді дейтін заман емес. Бәріміз үшін елімізді жақсы жағына қарай өзгертетін, жайлы өмір сүруге ұмтылдыратын оңтайлы сәт туды деп ойлаймын.**

– Өмірге деген осындай оптимистік көзқарасыңыз үшін рахмет.

**– Құрметті Қасым-Жомарт Кемелұлы, сұхбат бергеніңіз үшін тағы да рахмет айтамын.**

**Әңгімелескен Вера ЗАХАРЧУК, журналист.**

ПРЕЗИДЕНТ

# Өткеннен сабақ алып, сеніммен алға ұмтылайық



Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев қаңтар оқиғасынан кейін алғашқы сұхбатында халық арасындағы көп қауесетке нүкте қойды деп ойлаймын. Шынайы пікірлесуде елді алаңдатқан сұрақтардың жауабы айтылды.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев қойылған сұраққа жауап бере отырып, қанды қырғынның жай-жапсарын ашық айтуға тырысты.

Президенттің айтуынша, Алматыдағы дүрбелең нағыз алдын ала жоспарланған қастандық әрекет, оның артында кім тұрғанын нақты айту әлі ерте. Яғни, тергеу амалдары жалғасуда. Істің мән-жайын бірден бағамдай алмағанын айтқан Қасым-Жомарт Кемелұлы құқық қорғау органдарының жігерсіздігін айтып, оларға лайықты бағасын берді. Сонымен қатар, ол Президент ретінде тәуекел қадамдарға барып, мемлекетте тәртіп орнатуды ғана ойлайтынын анық айтты.

Қайғылы қаңтардың келтірген залалын біле отырып, ел Президенті алда атқарылатын істердің көп екеніне тоқталды. Оның біразы жүзеге асырылған. Мәселен, Үкімет басындағылардың тағайындалуына қатысты нақты ойын жеткізді. Яғни, Президент кадрдың барлығын өзгертуге қарсы. Айтуынша, алдымен олардың біліктілігі мен жұмыстарының сапасына қарай бағалау керек. Одан кейін жұрттың талабы екен деп Үкіметті 100% өзгерту – қисынсыз. Көшеден әкеліп тағайындай салуға да болмайды. Қасым-Жомарт Тоқаевтың бұл пікірі, әрине, орынды. Әркім өз ісімен айналысып, халықтың игілігі үшін жұмыс істейтін, елдің болашағына алаңдайтын басшының болғаны абзал деп ойлаймын.

Қ. Тоқаевтың бұл сұхбаты, расымен, талай істі саралады, анығын айтты, жеткілікті түсіндірді. Өзі айтқандай, Президенттің міндеті – аса күрделі шешімді қабылдау. Менің ойымша, Қасым-Жомарт Кемелұлының осындай аласапыран кезеңдегі бастамаларына қолдау білдіруіміз қажет. Оның алдағы істеріне сенім білдіріп, халық арасында береке-бірлігімізді танытсақ, тәуелсіз Қазақстанның шығар белесі биік болады деп есептеймін.

**Орынбасар ЖАНӘДІЛ,**
**ардагер ұстаз, өлкетанушы.**

# По пути реформ и преобразований



В своем интервью журналисту Агентства «Хабар» Глава государства Касым-Жомарт Токаев остановился на ряде вопросов, в том числе касающихся кадров, отметив, что их нужно оценивать по квалификации и по рабочим качествам. Менять же всех на 100% – это не его метод. С другой стороны он дал понять, что нужно ценить и тех, кто есть, кто обладает определенным опытом, знаниями, являются настоящими профессионалами. Назначать же людей с улицы чревато дестабилизацией. Особенно на фоне и без того хрупкой ситуации в нашей стране. Поэтому, по мнению Касым-Жомарта Кемелевича, к расстановке кадров нужно подходить очень осторожно. И в этом я с ним полностью согласна.

Вместе с тем он дал понять, что на фоне произошедшего назрел вопрос о том, что нам нужны реформы. Причем, они будут направлены на то, чтобы менять не людей, а систему. В этой связи Президент серьезно думает над реформированием как парламентской, так и партийной систем. По его мнению, сам же он должен стоять несколько выше всех общественно-партийных и политических структур; служить неким «магнитом». Это необходимо для того, чтобы привести различные общественно-политические силы к единому знаменателю. При этом их позиции должны исходить из интересов государства.

На мой взгляд, интервью было объективным, разносторонним и помогло услышать позиции Первого руководителя страны по ряду вопросов. Для всех нас главное теперь направить усилия на консолидацию общества, на сохранение общественно-политической и социально-экономической стабильности.

**Атлана ИСАЕВА,**
**директор ТОО «Atlant Media»,**
**депутат Карасайского районного маслихата.**

# Возвращаясь в мирное русло



В своем развернутом интервью журналисту Агентства «Хабар» наш Президент Касым-Жомарт Токаев дал четкие разъяснения по трагическим январским событиям, официально заявив, что это была целостная, тщательно спланированная террористическая операция, которую задумали и выполнили профессионалы. Причем, привлекались и боевики из-за рубежа. Состояла же она из нескольких этапов, начавшихся с мирных протестов, а закончившихся убийствами и мародерством.

Ясно, что простым казахстанцам, желающим спокойно жить и трудиться под мирным небом, таких экстремальных ситуаций не нужно. И потому в выполнении главной роли по подрыву государственного строя, конечно же, приняли участие антинародные, радикальные элементы.

Мирных демонстрантов сменили хулиганы. Уже третьей волной стали мародеры, насильники и убийцы. Сложность заключалась в том, что за ними стояли профессионально подготовленные боевики, которые хорошо ориентировались на местности. Причем, многие находились под воздействием наркотиков и не чувствовали боли.

По словам Президента, террористы преследовали ряд целей, в том числе ликвидацию государственных институтов, подрыв конституционного строя и захват власти. И от осознания того, что всем вместе под руководством Касым-Жомарта Кемелевича нам удалось предотвратить всё это, еще больше проникаешься чувством гордости за нашу страну и народ.

Сегодня весь этот ужас остался позади. Страна постепенно восстанавливается, пытается переосмыслить произошедшее, сделать необходимые выводы. Мирная жизнь вернулась в свое прежнее русло. И мне хочется призвать всех, особенно нашу молодежь, ценить мир и спокойствие, беречь наше государство, свои семьи, родных и близких; не идти на подкупы и провокации, на сделки со своей совестью.

**Абылай ЫСКАКОВ,**
**аким Иргелинского сельского округа.**

# Жастардың мүддесіне нақты зерттеу керек



«Қасіретті қаңтар» жөнінде көпшілікті дүрліктірген қарама-қайшылықты пікірлер бұқаралық ақпарат көздерінде көп таралып кеткен еді. 29 қаңтарда ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев «Хабар» және «Хабар 24» арнасының журналисіне берген сұхбатында нақты жағдай қалай болғаны және кейбір мәселелерге қатысты сұрақтарға берген нақты жауаптарынан хабардар болдық. Қаңтар оқиғасында мемлекеттік қауіпсіздікті және елдің тұрақтылығын сақтау мақсатында бар жауапкершілікті сезіне отырып, шұғыл шешімдер қабылдау қажет болғанын айтты. Сонымен қатар, көпшіліктің көкейінде жүрген түйткілді мәселелердің шешімін нақтылап, қазіргі жағдайда қоғамда саяси, экономикалық, әлеуметтік салаларда, құқықтық және ұлттық қауіпсіздік жүйесінде түбегейлі қоғамдық өзгерістер қажеттілігі айқындалды. Сұхбат барысында «Қазақстан халқына» атты қоғамдық қордың жұмысы әлеуметтік, денсаулық, білім салаларындағы жобаларды жүзеге асыруға бағытталатыны айтылды. Қор қоғамды біріктірудің тағы бір құралына айналып, азаматтарда әлеуметтік әділдік сезімін күшейтетініне сенімдімін.

Жастардың білім сапасын арттыру, қазіргі өмірлік жағдай талаптарына сәйкес құндылықтық жүйесін қалыптастыру жолдары сараланды. Олардың қалаулары мен қабілеттіліктеріне қарай техникалық, заманауи білімдерді игеруге көршілес Ресей елінің озық жоғары оқу орындарында оқуларына жағдайлар жасау өте дұрыс шешім деп есептеймін. Қолымызда бар кадрлық адами ресурстарды тиімді пайдалана білу қажеттілігі де өте дұрыс айтылған пікір. Жастар саясаты мен тәрбиесінде науқаншылдыққа, тиімділігі төмен шараларды ұйымдастыруға жол бермеу керек. Сондықтан кез келген шараны ғылыми негізге сүйеніп, жүйелі түрде жүзеге асырғанымыз жөн. Жастардың алға қойған жоспарларын білу үшін науқаншылдық емес, нақты зерттеулер қажет. Жүйелі әрі кешенді әлеуметтік зерттеу жүргізу арқылы жастардың мұң-мұқтажын, мақсат-мүдделерін анықтап, жастар саясатын сол қажеттіліктерге жауап беретін деңгейде ұйымдастыру маңызды.

Қазіргі уақытта еліміздің әрбір азаматы, оның ішінде біз сияқты жастар қауымы Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың көтеріп отырған бастамаларына қолдау көрсетіп, еліміздің дамуына, өркендеуіне барынша өз үлестерін қосуы керек. Жастарға елдің болашағына сенім білдіру, айқын мақсаттар қоя білу, әлеуметтік өркениетті қоғам қалыптастыруға нақты шешімдер қабылдап, іспен дәлелдеудің уақыты келді деп ойлаймын.

**Балнұр ЧЕГЕБАЕВА,**
**«Nur Otan» партиясы Қарасай аудандық филиалының консультанты .**

САЙЛАУ – 2022

# Халық таңдауы – ел еркіндігінің кепілі



Жыл сайын ақпан айының бірінші бейсенбісінде барлық елдерде Бүкіләлемдік сайлау күні аталып өтіледі, бұл күн 2005 жылы Будапешт қаласында (Венгрия) сайлау органдарының кәсіби мерекесі ретінде бекітілді. Бүкіләлемдік сайлау күнін атап өту дәстүрі Еуропа елдерінің сайлауын ұйымдастырушылар Ассоциациясы бастама білдірді, мемлекетіміз оның толыққанды мүшесі.Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының бастамасымен 2022 жылғы 3 ақпанда Қарасай аудандық учаскелік және аумақтық сайлау комиссияларында Ашық есік күндері өткізілді. Сайлау комиссиялары мүшелерінің оқу орындары оқушыларымен «Сайлану және сайлауға қатысу Конституциялық құқығы» атты кездесулер өткізу жоспарланды.

Ұйымдастырушылардың алдына қойған міндеттердің бірі – еліміздегі азаматтардың санасында негізгі демократиялық қағидаттар қалыптастырудағы сайлаудың ролін ашу және жас сайлаушылардың өздерінің тікелей қатысуымен немесе өздерінің еркін сайланған өкілдері арқылы Конституциямен бекітілген демократиялық бостандықтарын жүзеге асыру шеңберінде мемлекетті басқарудағы өздерінің құқықтары мен мүмкіндіктерін түсіну.

Жалпы, Қарасай ауданында 2019 жылдың 9 қаңтарынан бастап кәсіби қызметтегі сайлау комиссиясы жұмыс істей бастаған болатын. Осылайша аудандық мәслихаттың шешімімен Қарасай ауданының сайлау комиссиясына бір төраға, бір хатшы негізгі әрі тұрақты жұмыстары ретінде тағайындалды. Сонымен қатар, жалпы бір аудандық және 101 сайлау учаскелері құрылған, оның құрамында 817 адам бар. Олар комиссиялықты негізге қызметтеріне қосымша ретінде атқарғандықтан, жұмыстары тек сайлау кезінде ғана жанданады.

Еліміздің тарихында ауыл тұрғындарына өз әкімдерін тікелей сайлауға алғаш рет мүмкіндік беріліп отыр. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» Жолдауында ауыл әкімдерін тікелей сайлау қажеттігін айтқан болатын. Сол бастама бүгін жүзеге асып отыр. Бұл сайлау – еліміздің демократиялық тұрғысынан қарағанда өте маңызды жасалып жатқан қадам. Өйткені бұл жерде үш маңызды бағыт бар. Біріншісі, әкімдер халыққа өзінің ұсынған бағдарламасымен жақындай түсуде. Халықтың мүддесін қорғап, елдің барлық мәселелерін зерттеп, соған сай өз бағдарламаларын құрып, ұсынып отыр. Сайланатын ауыл әкімдерінен де жергілікті жұртшылық жақсы бастама мен жоғары нәтиже күтетіні аян. Екіншіден, халық даусының, сайлаудың маңыздылығын ұғындық. Үшіншісі, әрине, байқаушылардың жұмысы. Азаматтық тұрғыдан белсенді біздің байқаушыларымыз бұл процеске жәй ғана қатысып қана қоймай, сонымен қатар, өздерінің кәсіби шеберліктерін шыңдап, заңнама тұрғысынан өздерін дамыту үстінде. Мәселен, былтыр ауданымыздағы Елтай ауылдық округінде алғаш рет әкімдердің тікелей сайлауы өткен. Бұл бір реттік науқан емес. Биыл әкімдердің өкілетті мерзімі аяқталуына қарай сайлау басқа елді мекендерде де өтеді. Іс жүзінде қандай да бір өңірінде ауыл тұрғындары тікелей дауыс беру арқылы өз әкімін сайлайды. Осы жылы Қаскелең, Райымбек, Шамалған, Жамбыл, Бірінші Май ауылдық округтерінің әкімдерін өкілеттік мерзімдерінің аяқталуына байланысты халық сайлайды. Осылай сайлау жүйесімен сайланған әкімдер ауылдың жағдайына жаны ашып, тұрғылықты жерінің мүддесіне басымдық беріп, «бүйрегі тартып», ауылдың көкейкесті мәселелерін шешіп, оның жағдайын оңалтуға күш салатын болады деген үміттеміз. Осымен еліміздің даму тарихындағы тағы бір айтулы белес болатын демократиялық өзгеріс келіп отырған ауқымды саяси реформа халықтың жан-жақты қолдауына ие болып, қоғамдық өмірде соны серпіліс туғызып отырғаны анық. «Бірлік бар жерде тірлік бар» дегендей халқымыздың келешектен үміті зор. Бүкіл әлем көз тіккен тұста елдегі тұрақтылық пен бейбітшілік нығая түсіп, ауызбіршілігімізді көрсетуге тиіспіз деген ойдамын. Осы ретте, мен тілге тиек етіп отырған Бүкіләлемдік сайлау күні - азаматтардың сайлау құқықтарын қамтамасыз ету және сайлау процестерін жетілдіру мәселесіне адамдардың назарын аударуға бағытталған. Бұл күн азаматтардың сайлауға қатысуға жалпы құқығын еске түсіреді және әлемдік демократия процесін нығайтуға, сайлау туралы білімді кеңейтуге және сайлаушылардың дауыс беруге қатысуына ықпал етуге бағытталған. Осылайша, ол азаматтардың сайлауға қатысу жалпыға ортақ құқығының символы және демократиялық азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын дамытудың маңызды нысаны болып табылады.

**Ғалия АМАНОВА,**
**Қарасай аудандық аумақтың сайлау комиссиясының төрағасы.**

## Құрметті Қарасай ауданының тұрғындары!

Аудан әкімінің, Қаскелең қаласы әкімінің, ауылдық округ әкімдерінің халықпен есеп беру кездесулерін өткізулеріне байланысты, Қаскелең қаласы, Абылайхан көшесі, 213 мекенжайында орналасқан аудан әкімінің аппаратында, сондай-ақ, Қаскелең қаласында және ауданның барлық округтерінде 2022 жылғы 3 ақпаннан бастап аудан әкімінің, Қаскелең қаласы әкімінің және ауылдық округ әкімдерінің қызметіне қатысты өз пікірлеріңізді, ескертпелер мен ұсыныстарыңызды жолдауға болатын, сіздердің елді мекендеріңізге қатысты тақырыпта толғандыратын сауалдарды жіберуге арналған арнайы жәшіктер орналастырылды. Сіздердің назарларыңызға жәшіктердің орналасқан мекенжайы көрсетілген кесте ұсынылады.

| Қала және ауылдық округтердің атаулары | Жәшіктердің орналасу орындары |
|---|---|
| **Қаскелең қ.** | 1) Қаскелең қ., Қаскелең қаласы әкімінің аппараты. 2) Қаскелең қ., Абылайхан көшесі, 80, пошта. 3) Қаскелең қ., Көшек батыр көшесі, 56, Жылжымайтын мүлік орталығының аудандық филиалы. 4) Қаскелең қаласы, Асқаров көшесі, 148, «Жер Ана» базары. |
| **Әйтей** | 1) Әйтей ауылы, Әйтей ауылдық округі әкімінің аппараты. 2) Еңбекші ауылы, Райымбек көшесі, 2, мектеп. 3) Үштерек ауылы, мектеп. |
| **Елтай** | 1) Береке ауылы, Елтай ауылдық округі әкімінің аппараты. 2) Елтай ауылы, «Ернар» дүкені. 3) Исаев ауылы, Рысқұлов көшесі, н/ж, «Дихан» дүкені. 4) Көкөзек ауылы, Ақымжанов көшесі, н/ж, «Дихан» дүкені. 5) Қаратөбе ауылы, мектеп. 6) Жармұхамбет ауылы, мектеп. |
| **Жамбыл** | 1) Жамбыл ауылы, Жамбыл ауылдық округі әкімінің аппараты. 2) Қошмамбет ауылы, Маметова көшесі, 2, мектеп. 3) Ұлан ауылы, Тегіс көшесі, 14, мектеп. 4) Батан ауылы, Саламатов көшесі, Батан дәрігерлік амбулаториясы. |
| **Жандосов** | 1) Жандосов ауылы, Жандосов ауылдық округі әкімінің аппараты. 2) Шалқар ауылы, Жамбыл көшесі, 4, пошта бөлімшесі. |
| **Іргелі** | 1) Іргелі ауылы, Іргелі ауылдық округі әкімінің аппараты. 2) Іргелі ауылы, Қонаев көшесі, 1б, пошта бөлімшесі. 3) Іргелі ауылы, «Асыл Арман» ТК, пошта бөлімшесі. 4) Көксай ауылы, Кожабеков көшесі, н/ж, пошта бөлімшесі. |
| **Жібек жолы** | 1) Жібек жолы ауылы, Жібек жолы ауылдық округ әкімінің аппараты. 2)Жібек жолы ауылы, Қонаев көшесі, 2, Алтынсарин атындағы мектеп. 3) Жібек жолы ауылы, Дүйсеков көшесі №42 «а», қазақ орта мектебі. 4) Тұрар ауылы, Көпбаев көшесі, 21, Ә. Байсалбаев атындағы мектеп. 5) Көлащы ауылы, Байжарасов көшесі, 2, мектеп. |
| **Бірінші Май** | 1) Бекболат ауылы, Бірінші Май ауылдық округі әкімінің аппараты. 2) Қайнар ауылы, Наурыз көшесі, 1, ҚазККШҒЗИ. |
| **Райымбек** | 1) Райымбек ауылы, Райымбек ауылдық округінің аппараты. 2) Абай ауылы, Абая көшесі, 31, пошта бөлімшесі. 3) Бұлақты ауылы, Наурыз көшесі, 13, мектеп. 4) Долан ауылы, Достық көшесі, 29/1, мектеп. 5) Қырғауылды ауылы, пошта бөлімшесі. 6) Жаңатұрмыс ауылы, Алтынсарин көшесі, 37, мектеп |
| **Ұмтыл** | 1) Жалпақсай ауылы, Ұмтыл ауылдық округі әкімінің аппараты. 2) Алмалыбақ ауылы, Басибеков көшесі, 8, пошта бөлімшесі. 3) Мерей ауылы, Мектеп көшесі, 1, мектеп. |
| **Шамалған** | 1) Шамалған ауылы, Шамалған ауылдық округі әкімінің аппараты. 2) Шамалған ауылы, Жетісу көшесі, 36, «Сигма» ЖШС. |

Сондай-ақ, аудан әкімінің, Қаскелең қаласы әкімінің және ауылдық округ әкімдерінің қызметіне қатысты өз пікірлеріңізді, ескертулеріңізді және ұсыныстарыңызды аудан әкімінің сайтына мына мекенжай бойынша жолдай аласыздар: karasay.kz@mail.ru

**Қарасай ауданы әкімінің аппараты.**

## Уважаемые жители Карасайского района!

В связи с проведением отчетных встреч акима района, акима города Каскелен и акимов сельских округов с населением в аппарате акима района, находящемся по адресу: город Каскелен, улица Абылай хана, 213, а также на территории города Каскелен и всех округов района с 3 февраля 2022 года установлены специальные ящики, по которым можно направить свои отклики, замечания и предложения относительно деятельности акима района, акима города Каскелен и акимов сельских округов, задать вопросы по интересующим темам, касающимся проблем ваших населенных пунктов. Вашему вниманию предлагается таблица с указанием месторасположения ящиков.

| Наименование города и сельских округов | Месторасположение ящиков |
|---|---|
| **г. Каскелен** | 1) г. Каскелен, аппарат акима г. Каскелен. 2) г. Каскелен, ул. Абылай хана, 80, почта. 3) г. Каскелен, ул. Кошек батыра, 56, районный филиал Центра недвижимости. 4) г. Каскелен, ул. Аскарова, 148, рынок «Жер Ана». |
| **Айтейский** | 1) с. Айтей, аппарат акима Айтейского сельокруга. 2) с. Енбекши, ул. Райымбека, 2, школа. 3) с. Уштерек, школа. |
| **Елтайский** | 1) с. Береке, аппарат акима Елтайского сельокруга. 2) с. Ельтай, магазин «Ернар». 3) с. Исаево, ул. Рыскулова, б/н, магазин «Дихан». 4) с. Кокозек, ул. Акымжанова, б/н, магазин «Дихан». 5) с. Каратобе, школа. 6) с. Жармухамбет, школа. |
| **Жамбылский** | 1) с. Жамбыл, аппарат акима Жамбылского сельокруга. 2) с. Кошмамбет, ул. Маметовой, 2, школа. 3) с. Улан, ул. Тегиса, 14, школа. 4) с. Батан, ул. Саламатова, врачебная амбулатория. |
| **Жандосовский** | 1) с. Жандосово, аппарат акима Жандосовского сельокруга. 2) с. Шалкар, ул. Жамбыла, 4, почтовое отделение. |
| **Иргелинский** | 1) с. Иргели, аппарат акима Иргелинского сельокруга. 2) с. Иргели, ул. Кунаева, 1 «б», почтовое отделение. 3) с. Иргели, ЖК «Асыл Арман», почтовое отделение. 4) с. Коксай, ул. Кожабекова, б/н, почтовое отделение. |
| **Жибек жолы** | 1) с. Жибек жолы, аппарат акима сельокруга Жибек жолы. 2) с. Жибек жолы, ул. Кунаева, 2, школа им. Алтынсарина. 3) с. Жибек жолы, ул. Дюйсекова, №42 «а», казахская средняя школа. 4) с. Турар, ул. Копбаева, 21, школа им. Байсалбаева. 5) с. Кольащы, ул. Байжарасова, 2, школа. |
| **Первомайский** | 1) с. Бекболат, аппарат акима Первомайского сельокруга. 2) с. Кайнар, ул. Наурыз, 1, КазНИИКОХ. |
| **Райымбекский** | 1) с. Райымбек, аппарат акима Райымбекского сельокруга. 2) с. Абай, ул. Абая, 31, почтовое отделение. 3) с. Булакты, ул. Наурыз, 13, школа. 4) с. Долан, ул. Достык, 29/1, школа. 5) с. Кыргауылды, почтовое отделение. 6) с. Жанатурмыс, ул. Алтынсарина, 37, школа. |
| **Умтылский** | 1) с. Жалпаксай, аппарат акима Умтылского сельокруга. 2) с. Алмалыбак, ул. Басибекова, 8, почтовое отделение. 3) с. Мерей, ул. Мектеп, № 1, школа. |
| **Шамалганский** | 1) с. Шамалган, аппарат акима Шамалганского сельокруга. 2) с. Шамалган, ул. Жетысу, 36, ТОО «Сигма». |

Также свои отклики, замечания и предложения относительно деятельности акима района, акима города Каскелен и акимов сельских округов Вы можете направлять на сайт акима района по адресу: karasay.kz@mail.ru

**Аппарат акима Карасайского района.**

ТІЛШІ ТІЛДЕСКЕНДЕ

# Соттың абыройы – әділ шешім шығару, заңсыздыққа жол бермеу

**Қаңтар оқиғасы кезінде талай заң бұзушылықтар орын алып, оған кінәлі деп танылғандарға тиісті түрде жаза тағайындалды. Тіпті, елде төтенше жағдай жарияланып, комендантттық сағат енгізілсе де оның тәртібіне бағынбағандар табылып жатты. Олардың арасында Қарасай ауданынан бөлек, онымен іргелес жатқан аудандардың тұрғындары да бар. Соларға қатысты істердің бірқатарын біздің ауданда орналасқан Қарасай әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соты қарады. Осы және басқа да аталмыш мекеменің атқарған жұмыстарымен танысу үшін оның жақында ғана тағайындалған төрағасы Шалқар Қожантаевпен әңгімелестік. Сот әділдігін жүзеге асыру барысында атқарылған жұмыстарды саралап, өткен жылда қаралған істер жайлы сөз қозғадық.**



**– Шалқар Кеңесбайұлы, жаңа жұмыс орныңыз құтты болсын дегім келеді. Ауданымызға қош келдіңіз! Алдымен Сіз басқарып отырған мекемеге тоқталайықшы. Оның бағыты қандай? Неше заңгер қызмет етеді?**

– Рахмет. Қарасай әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соты 2008 жылдан бері жұмысын бастаған. Бүгінгі таңда төраға ретінде өзімнен бөлек тағы төрт судья тиісті істерді жүргізеді. Сонымен қатар, 11 маман қызмет етеді. Тағы бір айта кетерлігі, мұнда Қарасайдан бөлек, жақын орналасқан Іле, Жамбыл аудандарында орын алған заң бұзушылықтар да қаралады. Оларға қатысты ең аз дегенде бір күнде немесе 15 күннің ішінде шешім шығарылады. Көбінесе жол-көлік оқиғасымен байланысты жағдайлар тіркеліп жатады. Сондай-ақ, отбасылық кикілжіңдерге, денсаулыққа зиян келтіруге, ұсақ бұзақылыққа, көші-қон заңдылығын бұзуға қатысты шағымдар түседі. Міне, осылардың барлығына әділ шешім шығару – біздің қызметіміз. Бұл мақсатты орындай білу де абыройлы міндет екенін айтқым келеді.

**– Биылғы жылды ң қаңтарында болған тәртіпсіздікке қатысты істер қозғалды ма? Жазаланған азаматтарға қандай шара қолданды?**

– Қаңтар айында болған оқиғаға байланысты Төтенше жағдай жарияланып, коменданттық сағат енгізілгенін белгілі. Әр өңірде қозғалысты шектеді. Біздің облыста да солай болды. Тіпті, 7:00-ден 23:00-ге дейін адамдардың үйінен шығуына тиым салынды. Осындай кезде тұрғындар арасында тәртіпке бағынбағандар кездесті. Олар коменданттық сағат режимін бұзып, құжатсыз жүріп, күдікке ілінді. Яғни, ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық Кодексінің 476-бабы, I бөлімі, 10-тармағы бойынша 71 заң бұзушылық анықталды. Кінәлілер қамауға алынды, айыппұл төледі, ескерту алды. Барлығына тиісті шешім шығарылды. Бүгінде аталған істердің барлығы жабылды.

**– Шалқар Кеңесбайұлы, ағымдағы жылдың басы заң бұзушылық фактілермен басталғанын білдік. Өткен жылы жұмыстарыңыз қалай болды? Салыстырмалы түрде қаралған істердің саны уақыт өткен сайын артты ма, әлде азайды ма?**

– 2021 жылдың 12 айында 6649 әкімшілік құқық бұзушылық іс келіп түсті. Бұл алдыңғы, яғни, 2020 жылмен салыстырғанда 206-ға азайғанды білдіреді. Әрине, осындай заңсыз әрекеттердің аз болғаны жақсы. Жаңағы айтып кеткен 6649-дың ішінде 217-і (3,27%) кері қайтарылды. Ал қалған 6432-і тек біздің тарапымыздан, яғни, әкімшілік құқық бұзушылық іс негізінде қаралған. Оған жеке тоқталуға болады. Нақты айтқанда, 4956 іске (77%) әкімшілік жаза тағайындалды, 1476 адамға (22,95%) қатысты іс сот өндірісінен тоқтатылды. Олардың арасында 2 іс бойынша (0,03%) жасы кәмелетке толмаған тұлғаларға қатысты тәрбиелік ықпал ету шаралары қолданылып, 1094 әкімшілік іс құқық бұзушының жәбірленушімен келісімге келуіне байланысты медиация тәртібімен тоқтатылды.

**– Осы Сіз атап өткен істерге қандай да бір жаза қолданылды ма?**

– Әрине, тиісті айыптары анықталды. Жоғарыда атап өткендей, 6432 қаралған әкімшілік істер бойынша 4959 тұлғаға қатысты әкімшілік жазалар тағайындалды. 3774 адамға әкмшілік айыппұл салынса, 217 адам арнаулы құқықтан айырылды, 624 азамат әкімшілік қамауға алынды, 246-на ескерту жасалды, 98 адамға ел аумағынан әкімшілік жолмен шығару жазалары бекітілді.

**– Өзіңіз әңгіме арасында медиция тәртібімен шешілген істердің де бар екенін айттыңыз. Бұл үрдіс жиі жүзеге асырылады ма?**

– Істің сотқа дейін жетпей, тараптардың ерікті түрде ортақ келісімге келіп, осылай медиция арқылы шешілгені жақсы ғой. Барынша жүзеге асыруға тырысамыз. Ондай фактттер мүлдем жоқ дей алмаймын. Кездесіп жатады.

**– Шағымданушылардың істері сіздерде қалай қабылданады? Пандемия кезінде қиындықтарға тап болмадыңыздар ма?**

– Цифрлық бағдарламаны кеңінен пайдалану біздің саламызда жақсы дамып келеді. 2018 жылдың II жартыжылдығында «Төрелік» деп аталатын ақпараттық жүйе іске қосылды. Өтініштердің біразы электронды түрде қабылдануда. Бұл бір жағынан жақсы. Өйткені, жоғарыда атап өткендей, Қарасай әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотында Іле мен Жамбыл аудандарына қатысты істер де қаралады. Сондықтан қашықтан сот процесін жүргізу – біз үшін оңтайлы әдістердің бірі. Оның тиімді тұстары коронавирус індетінің кесірінен пандемия басталғанда бірден байқалды. Карантиндік шараларды ескеріп сот істері онлайн түрде ұйымдастырылды.

**Әңгімелескен**
**Дидар МӘЛІКҰЛЫ.**

## Тағайындау

*Қазақстан Республикасы Президентінің 2021 жылғы 29 желтоқсанындағы №720 Жарлығымен Қарасай әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының төрағасы болып **Қожантаев Шалхар Кеңесбайұлы** тағайындалды.*

*Қожантаев Шалхар Кеңесбайұлы 1978 жылы, 20 желтоқсанда Қызылорда облысында дүниеге келген. Ұлты қазақ. Білім жоғары.*

*1995-1999 жылдары Қазақ мемлекеттік заң университетіннің Сот-прокурорлық факультетін «құқықтану» мамандығы бойынша бітірген.*

*2000-2003 жылдары Қызылорда қалалық прокуратурасында әлеуметтік-экономикалық саладағы заңдылықты қадағалау бөлімінің прокуроры, сот қаулыларының заңдылығын қадағалау бөлімінің прокуроры және аға прокуроры, мемлекеттік органдардың қызметінде заңдылықты қадағалау бөлімінің аға прокуроры болып қызмет етті.*

*2003-2012 жылдары Қызылорда облыстық прокуратурасының тергеу және анықтау заңдылығын қадағалау бөлімінің прокуроры, жедел іздестіру қызметі заңдылығын қадағалау бөлімінің прокуроры және аға прокуроры, жедел іздестіру қызметі заңдылығын қадағалау басқармасының бастығы ретінде жұмыс атқарды.*

*2012-2021 жылдары Қызылорда қаласының мамандандырылған әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі сотының судьясы болды.*

*ҚР Президентінің 2015 жылғы Жарлығымен «Қазақстан Республикасының Конституциясына – 20 жыл» мерекелік медалімен марапатталған.*

*Үйленген, төрт баласы бар.*

# Дос КӨШІМ: «Облыс әкімдері, депутаттар және министрлерге елдегі орташа жалақының мөлшерін тағайындау керек»

**Қаңтар қасіреті бүкіл Қазақстанды дүр сілкіндірді. Елдегі дүмпу әлем назарына ілініп, мемлекетте төтенше жағдай жарияланғаны баршаңызға белгілі. Тосыннан келген жағдай елдегі түрлі саяси өзгерістердің болуына ықпал етті десек те болады. Бұл жайлы сарапшылар түрлі пікір білдіруде. Осы ретте белгілі саясаткер, филолог, тіл жанашыры, «Ұлт тағдыры» қозғалысының жетекшісі Досмахамбет (Дос) Көшіммен сұхбаттасуды жөн санадық. Ендеше оның саяси плюрализмдік ойын оқырман қауымға ұсынамыз.**



Дидар МӘЛІКҰЛЫ
didar_92-kz@mail.ru
+7 (727 71) 2-27-87



**– Досмахамбет Қалмаханұлы, Алматыдағы қаңтар оқиғасы елді елең еткізгені анық. Мемлекеттің ертеңіне алаңдайтын азаматтардың бірісіз. Оны білеміз. Өзіңіз осы қаланың тұрғыны болғандықтан бұл көтерілістің басы-қасында болдыңыз ба? Мұндай жағдай алдағы уақытта қайталануы мүмкін бе?**

– Басы-қасында болған жоқпын. «Ұлт тағдырының» облыстық бөлімшелері мен өзімнің достарым арқылы барлық дерлік облыстардан ақпарат алып, шамам келгенше, ақыл-кеңесімді беріп отырдым. 90-жылдары біз де осындай жиындарды, шерулерді ұйымдастырып, жүзеге асырғанбыз. Өз басым жиынды ұйымдастырып, халықты алаңға шақырған азаматтар сол көпшілікті жұмса – жұдырығында ұстай білуі керек деп ойлаймын. Сонда ғана шерулер мен жиындарды саяси тәсіл есебінде қолдануға болады. Бұл жөнінде осыдан екі-үш жыл бұрын Армения еліндегі Пашинян ұйымдастырған шерулерді үлгі ретінде алуға болады. Егер халықты ұстай алмайтыныңды білсең, оған күшің жетпесе, «аттан» салып, көшеге шығарып, бірақ арандатушылардың айқайына тосқауыл қоя алмасаң, оларға ерген жастарды тоқтатуға шамаң келмесе, өзіңде жауапкершілік бар екенін де ойлану керек. Бейберекет бүлікшілдік пен мақсатсыз дүрбелең сенің тамаша ұрандарыңды жоққа шығарады.

Меніңше, бұндай жағдай өкінішке орай, әлі бір емес бірнеше рет қайталанауы мүмкін. Билікті өзгертуді мақсат еткен топтардың бейбіт жолмен реформа жасайтындай мүмкіндігі жоқ (Біздің сайлау жүйесінің қандай екенін білетін жандар бұл шындықты мойындайды деп ойлаймын), ал билік өзінің сыннан өткен (Жаңаөзенді еске түсірсек те жеткілікті) тәсілін – бейбіт жиынды бұзақылыққа айналдыруды тиімді түрде қолданатыны анық.

**– Қаңтар төңкерісінен кейін Үкімет жаңа құраммен жасақталды. Олардан не күтесіз? Олар өз орындарына лайықты ма? «Жаңа Қазақстанды» құру үшін қандай батыл қадамдар жасауы тиіс?**

– Үкімет те, билік те сол күйінде қалды. Тек қана адамдардың аты-жөндері өзгерді. Бұл өзгерісті «жаңа құрам» деуге аузым бармайды. Футбол ойынындағы ойыншыларды ауыстыру сияқты. Барлығы бір команда, мақсаттары да, тәсілдері де, жаттықтырушылары мен жанкүйерлері, керек десеңіз, формалары да бірдей. Ал, «Жаңа Қазақстан» деген атауға келетін болсақ, бұл атау 2018 жылы Брюссель қаласында дүниеге келген, әлі күнге дейін «Жаңа Қазақстан» форумы апта сайын ютубден хабарын жасап, таратып тұрады. Біреулердің атын, атағын алу – тоталитарлық, авторитарлық жүйенің әдеті. Әлі есімде, Түркменстанның коммунистік партиясы «шапандарын ауыстырып кигенде» Демократиялық партия деген атауды алды. Алайда, Дүрдімұрат деген азамат басқаратын ондай партия бар болатын. Коммунистер көп ойланып жатпай, ол азаматты жындыханаға тықты да (сол жерде қайтыс болды), партияның атын алып қойды. Әрине, әңгіме атауда емес, егер осы билік қазақ елінің саяси жүйесін жаңартып, әділетті қоғам құрамын десе, шапанымызды шешіп беруге дайынбыз. Бірақ, бір мәселені жақсы ұғуымыз керек: Жаңа Қазақстанды ескі кадрлар, бұрынғы Қазақстанды жасаған адамдар орната алмайды. Естеріңізде болса, 1991 жылы Қазақстанның коммунистік партиясы, оның бірінші хатшысы Демократиялық Қазақстан жасаймыз деп жариялаған. Бірақ, біз тоталитаризмнен авторитаризмге ғана өттік, нарықтық экономика жасаймыз деген, алайда, біз коррупцияланған капитализмге ғана өттік. Енді сол топ «біз Жаңа Қазақстан жасаймыз» десе кім сенеді?

Енді «Жаңа Қазақстан құру үшін не істеу керек?» деген сұраққа келейік. Қоғамда да, саясаткерлерде де сан түрлі ұсыныстар бар. Бірақ оларды жүйелей келсек, екі ғана жолды көреміз. Біріншісі – қазіргі билік иелері 180 градусқа өзгеріп, сол өзгерістерінің дәлелі есебінде біршама лауазымды орындағы мамандарды, саяси тұлғаларды ауыстырып, экс-президенттің жақындарын жұмыстан шығарып, газды арзандатып дегендей үйдің сыртқы сылағын ауыстырып, «осыған дейін бұл жағдайды білмей қалыппыз, енді Жаңа Қазақстан деген жұмақ орнатамыз» дейді. Әрине, биліктерін сақтап қалу үшін, «Нұр Отанды» да таратып, жаңа Парламентттік сайлау жасауы да ғажап емес. Содан кейін тағы бір 30 жылға арқаларын кеңге салуға болады. Екіншісі – қазіргі Парламент люстрация заңын қабылдап, бұрынғы атқарушы, заң шығарушы органдарда басшылық орында болған адамдарды қызметке алуға тыйым салады, азаматтық қоғам өкілдерімен біріге отырып, саяси партиялар мен сайлау туралы жаңадан заң қабылдайды, сол заң арқылы әділетті сайлау жүргізіп, сол сайлаудың нәтижесінде жасақталған жаңа Парламент «Жаңа Қазақстанды» құруға кіріседі.

**– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев министрлердің, депутаттардың және әкімдердің жалақысын көтеруге бес жылдық мораторий жариялана-тынын айтты. Сіздің ойыңызша, енді шенді-шекпенділер айлығының артпайтынын біліп, жемқорлыққа қатты беріліп кетпейді ме? Бұл жайында Сіз қалай ойлайсыз?**

– Бұл – «халықшыл» президент екенін «дәлелдейтін» популистік тәсілдердің бірі ғана. Менің ойымша, егер әлеуметтік теңгермешілік жасағысы келсе, облыс әкімдері, депутаттар және министрлерге Қазақстандағы орташа жалақының мөлшерін тағайындау керек еді. Екіншіден, олар жемқорлыққа кедейшіліктен, жалақысы жетпегендіктен барады деп ойламайық. Қазақта «өзі тойса да, көзі тоймайды» немесе «ашыққаннан құныққан жаман» деген мақалдар бар. Біздегі жемқорлық – биліктің ауруы. Оның микробы – жауапкершіліктің жоқтығы. Өмір сүруінің басты шарты – бөлісу.

**– Дос аға, Сіз – мемлекетімізде ең алғашқы саяси партияны, яғни, ҚСДП-ны ұйымдастырушылардың бірісіз. Президент Қ.Тоқаев соңғы сұхбатында «Партия қоғам қажеттіліктерін ескере отырып, қайта құрылуға тиіс. Мәжілісте бірнеше күшті партиялар болуы керек деп санаймын» дегені бар. Алдағы уақытта партия құру ойыңызда жоқ па? Жалпы, Мемлекет басшысының бұл пікірін қолдайсыз ба?**

– Президенттің пікіріне қосыламын. Бұл ұстанымды Президенттен бұрын талай саясаткерлер, оның ішінде мен де бармын, айтқан. Мемлекет басшысы сол ойды қайталап отыр. Бірақ, біз бен Тоқаевтың мүмкіншілігі екі түрлі мәселе. Біз қолымыздан айту, көрсету келеді. Ал, ол сол айтқанын жүзеге асыра алады. Демек, Қасым-Жомарт ағамыз «мәжілісте бірнеше күшті партиялар болуы керек деп санаймын» деген сөзден көрі өзі басшы болып отырған партияға «саяси партия құрамын деген топтарға партия құруға, олардың парламентке енуіне барынша мүмкіндік туғызатын заң жобасын дайындап, ұсыныңдар» деп тапсырма беруі керек еді.

**– Жақында ғана Сіз тұратын шаһарға жаңа басшы келді. Ерболат Досаев Алматы қаласының әкімі болуға лайықты ма? Өйткені оған сын айтушылар көбеюде.**

– Соңғы жылдары ең көп қолданылатын мақал «Қосылғыштардың орнын ауыстырғанмен қосынды өзгермейді» деген аксиома болды. Заңдық тұрғыдан бұл – Президенттің таңдауы. Талай жерде басшы болған жігіт. Денсаулық сақтау министрі болғанда Шымкентте балалардың қазасы мәселесі үлкен шу болды. Ал, 2016 жылы Экономиканы дамыту министрі болып отырғанда 1,7 миллион гектар жерді сатуға шығарып, «жер дауының» авторы болды. Меніңше, осындай адамдармен «Жаңа Қазақстан» құрмақшы болып жүрген Президент те жүрек жұтқан жан сияқты.

***Сұрақтарға жауап берушінің пікірлері редакцияның көзқарасын білдірмейді.**

МНЕНИЯ И ПРОГНОЗЫ

# Политологи о назначении акимом Алматы бывшего главу Нацбанка

**В минувший понедельник Президент Казахстана Касым-Жомарт Токаев назначил акимом Алматы Ерболата Досаева, освободив его от должности председателя Национального банка РК. Что думают по поводу такой ротации политологи? Какими они поделились прогнозами?**



### Толковый и опытный управленец

**По мнению Данияра Ашимбаева Ерболат Досаев «толковый и опытный управленец».**

– После «вброса» о возможности назначения Ерболата Досаева акимом Алматы «поляна взорвалась», – сказал он. – Самые популярные обвинения – что он лично заразил шымкентских детей ВИЧ, а потом стал миллиардером. Хотел бы внести небольшую ясность. Досаев, если, конечно, слухи правдивы, – фигура достаточно неожиданная. Хотя он во власти давно, лет 20, опыта работы в регионе у него нет. Досаев был главой АРЕМ, Минфина, Минздрава, Минэкономики, «Байтерека», вице-премьером и главой Нацбанка. Во власть он пришёл в команде своего одноклассника Нурлана Каппарова, но быстро вырос в самостоятельную фигуру, будучи грамотным финансистом и хорошим организатором.

Как считает политолог, самый неожиданный поворот в карьере Досаева – это руководство Минздравом. Его приходу предшествовало множество скандалов в отрасли, и Президент Назарбаев отправил туда Досаева, по сути, как антикризисного менеджера.

– В принципе, он вполне толковый, опытный управленец и экономист, умеющий отстаивать свое мнение и не боящийся принимать решения. Если он будет новым акимом Алматы, то, на мой взгляд, это будет достаточно хорошее решение. В городе нужен свежий человек, который не будет прятаться от людей и ответственности, – заключил Ашимбаев.

**Toppress.kz.**

### Профессиональный менеджер, влиятельный экономист и хороший переговорщик

По мнению политолога, директора Института евразийской интеграции Уразгали Сельтеева, назначая Ерболата Досаева акимом Алматы, Касым-Жомарт Токаев руководствовался необходимостью усиленного развития мегаполиса как финансового центра. После январских событий городу важно восстановить деловую активность, обеспечить новый приток инвестиций, перезагрузить отношения с крупным бизнесом, реализовать новые меры для развития МСБ.

«Досаев – более чем обеспеченный человек, поэтому есть надежда, что не будет отвлекаться на поиск и лоббирование личных интересов в алматинской экономике. Несмотря на скандалы, в которых ранее фигурировал Досаев, у него репутация профессионального менеджера, влиятельного экономиста и финансиста. Он имеет налаженные коммуникации и широкую сеть своих людей в финансовом секторе страны», – пишет Уразгали Сельтеев в своем Telegram-канале.

– Досаев умеет наводить мосты, а Касым-Жомарт Токаев ценит хороших переговорщиков, – считает Сельтеев.

По мнению политолога, сейчас у Президента «короткая скамейка» управленческих кадров с определенным весом. Одним из тех, кому он может довериться, оказался новый аким Алматы.

### Тяжеловес, который сможет договориться

Схожее мнение и у политического обозревателя Никиты Шаталова.

«Когда Президент говорит о короткой скамейке запасных для решения кадровых вопросов, он поднимает застарелую проблему. Возвращение Досаева на госслужбу 10 лет назад – как раз такой случай, как и сегодняшнее назначение в Алматы. Выбрать акима для крупнейшей агломерации сложно: нужен тяжеловес, который сможет договориться с местными элитами и не будет бояться контактировать с активными общественными деятелями. С первыми и вовсе придется перезаключать «договор» о том, кто и как ведет бизнес в городе и откуда черпает ренту. Такую повестку задал Президент», – говорит Никита.

По его словам, Досаев – один из немногих представителей административной элиты, кто официально входит в список «Forbes», то есть не скрывает свои активы с помощью подставных лиц. В списке богатых людей страны он находится в самом конце, что позволяет говорить о том, что его бизнес-группу не особенно подпускали к извлечению ренты. Такие люди, как Ерболат Досаев, отлично знают, кто и где зарабатывает, чтобы суметь ограничить потоки и направить их в конкурентное русло.

**Total.kz.**

### Технократ без «полевого опыта»

Ерболат Досаев – один из самых опытных чиновников, который успел за двадцать последних лет поруководить несколькими министерствами, Национальным банком, нацхолдингом, был одним из руководителей правительства. Досаева еще в декабре прошлого года называли в числе основных претендентов на пост Премьера, который тогда занимал Аскар Мамин.

Из очевидных преимуществ нового акима Алматы, помимо долгого опыта работы на госслужбе, хорошее знание бизнеса и связи с ним – Досаев знаком и работал не только с банкирами, но и со всеми крупными игроками в индустрии. Выстраивать отношения с бизнесом в Алматы, от которого зависит бюджет города, ему будет легко.

Досаев – не политик, он никогда не был среди руководителей правящей партии, не поддерживал в 2000-х и инициативы своих коллег по правительству, создавших тогда движение «Демократический выбор Казахстана», требовавшее реформ. Досаев – классический технократ, лишенный политических амбиций, как и многие другие чиновники, получившие посты в последнее время.

Из очевидных минусов – отсутствие «полевого опыта»: Досаев всегда был «кабинетным чиновником». Он никогда не работал акимом и должен получить свой первый опыт в самом сложном городе Казахстана – Алматы.

Досаев впервые в карьере должен стать кризис-менеджером – до этого он посты покидал как раз во время кризисов, теперь же у него обратная ситуация. Петиция с требованием не назначать его на пост акима уже запущена, просто Досаеву на новой должности точно не будет.

**Vlast.kz.**

### В стране нужно внедрять выборность акимов

О назначении Ерболата Досаева акимом Алматы высказался и политолог Досым Сатпаев. Он убежден, что в стране необходимо внедрять выборность акимов: «В Алматы новый назначенный аким. Но если власть так боится вводить выборность акимов городов и областей по всей стране, то ещё два года назад предлагал провести пилотный проект по выборам акима в Алматы. Уверен, что были бы и мощная конкуренция, и достойные кандидаты. И хватит кормить людей своей многолетней мантрой о том, что «народ не готов к демократии». Ведь он никогда не будет готов, если его не учить демократии».

**Politic.**

# ГРАФИК отчетных встреч акимов города Каскелен и сельских округов Карасайского района с населением в 2022 году

| Февраль | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| **Наименование города и сельских округов** | **7 февраля понедельник** | **8 февраля вторник** | **9 февраля среда** | **10 февраля четверг** | **11 февраля пятница** | **14 февраля понедельник** | **15 февраля вторник** | **16 февраля среда** | **17 февраля четверг** |
| **г. Каскелен** Мукашев Аскар Окенович | г. Каскелен, Колледж культуры, 15.00 ч. Прием граждан, 16.00 ч. | с. Коктобе, Офис лесного хозяйства, 11.00 ч. Прием граждан, 12.00 ч.<br>г. Каскелен, Проф. колледж имени С. Жандосова, 15.00 ч. Прием граждан, 16.00 ч. | г. Каскелен, Районная библиотека, 11.00 ч. Прием граждан, 12.00 ч.<br>г. Каскелен, Каскеленский гуманитарно-технический колледж, 15.00 ч. Прием граждан, 16.00 ч. | г. Каскелен, Медицинский колледж «Нұр жардем», 11.00 ч. Прием граждан, 12.00 ч.<br>г. Каскелен, Районный Дом культуры, 15.00 ч. Прием граждан, 16.00 ч. | г. Каскелен, Медицинский колледж «Аяжан-Карасай», 15.00 ч. Прием граждан, 16.00 ч. | | | | г. Каскелен, средняя школа-гимназия имени Абая, 11.00 ч. Прием граждан, 12.00 ч. |
| **Айтейский сельский округ** Катубаев Жаркын Канатович | с. Кумарал,10.00 ч. Онлайн (Instagram) https://instagram.com/akimat_aitei?utm_medium=copy_link Прием граждан, 11.00 ч. Онлайн (Instagram) https://instagram.com/akimat_aitei?utm_medium=copy_link<br>с. Сауыншы, Дом № 5, 12.00 ч. Прием граждан, 13.00 ч.<br>с. Енбекши, 15.00 ч. Онлайн (Instagram) https://instagram.com/akimat_aitei?utm_medium=copy_link Прием граждан, 16.00 ч. Онлайн (Instagram) https://instagram.com/akimat_aitei?utm_medium=copy_link | | с. Уштерек, 10.00 ч. Онлайн (Instagram) https://instagram.com/akimat_aitei?utm_medium=copy_link Прием граждан, 11.00 ч. Онлайн (Instagram) https://instagram.com/akimat_aitei?utm_medium=copy_link | | | | с. Айтей, 15.00 ч. Онлайн (Instagram) https://instagram.com/akimat_aitei?utm_medium=copy_link Прием граждан, 16.00 ч. Онлайн (Instagram) https://instagram.com/akimat_aitei?utm_medium=copy_link | | |
| **Ельтайский сельский округ** Махатов Биржан Манатович | с. Ельтай, ул. Жылкышева, № 4 10.00 ч. Прием граждан, 11.00 ч.<br>с. Каратобе, средняя школа, 15.00 ч. ____ Прием граждан, 16.00 ч. | с. Исаево, новая школа, 10.00 ч. Прием граждан, 11.00 ч.<br>с. Аксенгир, 12.00 ч. Онлайн (Instagram) https://instagram.com/akimat.eltai?utm_medium=copy_link Прием граждан, 13.00 ч. Онлайн (Instagram) https://instagram.com/akimat.eltai?utm_medium=copy_link | с. Кокозек, 10.00 ч. Онлайн (Instagram) https://instagram.com/akimat.eltai?utm_medium=copy_link Прием граждан, 11.00 ч. Онлайн (Instagram) https://instagram.com/akimat.eltai?utm_medium=copy_link<br>с. Коктоган, дом №15, 12.00 ч. Онлайн (Instagram) https://instagram.com/akimat.eltai?utm_medium=copy_link Прием граждан, 13.00 ч. Онлайн (Instagram) https://instagram.com/akimat.eltai?utm_medium=copy_link | с. Жармухамбет, 10.00 ч. Онлайн (Instagram) https://instagram.com/akimat.eltai?utm_medium=copy_link Прием граждан, 11.00 ч. Онлайн (Instagram) https://instagram.com/akimat.eltai?utm_medium=copy_link<br>Разъезд № 71, 12.00 ч. Онлайн (Instagram) https://instagram.com/akimat.eltai?utm_medium=copy_link Прием граждан, 13.00 ч. Онлайн (Instagram) https://instagram.com/akimat.eltai?utm_medium=copy_link | с. Береке, 10.00 ч. Онлайн (Instagram) https://instagram.com/akimat.eltai?utm_medium=copy_link Прием граждан, 11.00 ч. Онлайн (Instagram) https://instagram.com/akimat.eltai?utm_medium=copy_link | | | | |
| **Жамбылский сельский округ** Ташов Турарбек Турсынбекович | | | | | с. Батан, 10.00 ч. Онлайн (Instagram) https://instagram.com/akimat.zhambyl?utm_medium=copy_link Прием граждан, 11.00 ч. Онлайн (Instagram) https://instagram.com/akimat.zhambyl?utm_medium=copy_link | с. Улан, 10.00 ч. Онлайн (Instagram) https://instagram.com/akimat.zhambyl?utm_medium=copy_link Прием граждан, 11.00 ч. Онлайн (Instagram) https://instagram.com/akimat.zhambyl?utm_medium=copy_link | с. Кошмамбет, 10.00 ч. Онлайн (Instagram) https://instagram.com/akimat.zhambyl?utm_medium=copy_link Прием граждан, 11.00 ч. Онлайн (Instagram) https://instagram.com/akimat.zhambyl?utm_medium=copy_link | с. Жамбыл, 15.00 ч. Онлайн (Instagram) https://instagram.com/akimat.zhambyl?utm_medium=copy_link Прием граждан, 16.00 ч. Онлайн (Instagram) https://instagram.com/akimat.zhambyl?utm_medium=copy_link | |
| **Иргелинский сельский округ** Ыскаков Абылай Биржанович | | | | с. Кемертоган, средняя школа 10.00 ч. Прием граждан, 11.00 ч. | с. Коксай, средняя школа имени М. Маметовой, 12.00 ч. Прием граждан, 13.00 ч. | с. Иргели, 10.00 ч. Онлайн (Instagram) https://instagram.com/ysqaqov_abylay?utm_medium=copy_link Прием граждан,11.00 ч. Онлайн (Instagram) https://instagram.com/ysqaqov_abylay?utm_medium=copy_link | | | |
| **сельский округ Жибек жолы** Айдаров Алпамыс Айдынович | | с. Турар, средняя школа имени Байсалбаева, 15.00 ч. Прием граждан, 16.00 ч. | с. Куркудык, Административное здание ЖД, 15.00 ч. Прием граждан, 16.00 ч.<br>с. Жынгылды, Административное здание ЖД, 17.00 ч. Прием граждан, 18.00 ч. | с. Кольащы, средняя школа имени Барибаева, 16.00 ч. Прием граждан, 17.00 ч. | с. Жибек жолы,15.00 ч. Онлайн (Instagram) https://instagram.com/akimat_zhibek_zholy?utm_medium=copy_link Прием граждан, 16.00 ч. Онлайн (Instagram) https://instagram.com/akimat_zhibek_zholy?utm_medium=copy_link | | | | |
| **Райымбекский сельский округ** Туленбаев Ельжан Сейтнурович | с. Райымбек, 10.00 ч. Онлайн (Instagram) https://instagram.com/akimatraimbek?utm_medium=copy_link Прием граждан, 11.00 ч. Онлайн (Instagram) https://instagram.com/akimatraimbek?utm_medium=copy_link<br>с. Булакты, 15.00 ч. Онлайн (Instagram) https://instagram.com/akimatraimbek?utm_medium=copy_link Прием граждан, 16.00 ч. Онлайн (Instagram) https://instagram.com/akimatraimbek?utm_medium=copy_link | с. Кыргауылды, 10.00 ч. Онлайн (Instagram) https://instagram.com/akimatraimbek?utm_medium=copy_link Прием граждан, 11.00 ч. Онлайн (Instagram) https://instagram.com/akimatraimbek?utm_medium=copy_link<br>с. Жанатурмыс, средняя школа, 15.00 ч. Прием граждан, 16.00 ч. | с. Долан, средняя школа, 10.00 ч. Прием граждан, 11.00 ч.<br>с. Кумтоган, дом № 6, 12.00 ч. Прием граждан, 13.00 ч. | с. Абай, 11.00 ч. Онлайн (Instagram) https://instagram.com/akimatraimbek?utm_medium=copy_link Прием граждан, 12.00 ч. Онлайн (Instagram) https://instagram.com/akimatraimbek?utm_medium=copy_link | | | | | |
| **Умтылский сельский округ** Умбеталиев Серик Калимжанович | | с. Кольди, 10.00 ч. Онлайн (Instagram) https://instagram.com/umtyl.akimaty?utm_medium=copy_link Прием граждан, 11.00 ч. Онлайн (Instagram) https://instagram.com/umtyl.akimaty?utm_medium=copy_link<br>с. Мерей, 12.00 ч. Онлайн (Instagram) https://instagram.com/umtyl.akimaty?utm_medium=copy_link Прием граждан, 13.00 ч. Онлайн (Instagram) https://instagram.com/umtyl.akimaty?utm_medium=copy_link | | с. Жалпаксай, школа-гимназия (с. Алмалыбак), 10.00 ч. Прием граждан, 11.00 ч. | | | с. Алмалыбак, 10.00 ч. Онлайн (Instagram) https://instagram.com/umtyl.akimaty?utm_medium=copy_link Прием граждан, 11.00 ч. Онлайн (Instagram) https://instagram.com/umtyl.akimaty?utm_medium=copy_link | | |
| **Шамалганский сельский округ** Токтасынов Ержас Сергазиевич | | | | | | с. Айкым, дом № 1, 10.00 ч. Прием граждан, 11.00 ч. | | с. Шамалган, 10.00 ч. Онлайн (Instagram) https://instagram.com/akimatshamalgan?utm_medium=copy_link Прием граждан, 11.00 ч. Онлайн (Instagram) https://instagram.com/akimatshamalgan?utm_medium=copy_link | |
| **Жандосовский сельский округ** Ахметов Мерхат Макажанович | | | с. Шалкар, средняя школа, 10.00 ч. Прием граждан, 11.00 ч.<br>с. Кайрат, дом № 10, 15.00 ч. Прием граждан, 16.00 ч. | с. Жандосово, 15.00 ч. Онлайн (Instagram) https://instagram.com/zhandosovski_s.o?utm_medium=copy_link Прием граждан, 16.00 ч. Онлайн (Instagram) https://instagram.com/zhandosovski_s.o?utm_medium=copy_link | | | | | |
| **Первомайский сельский округ** Мукатаев Елдос Мукатаевич | | | | с. Сауыншы, средняя школа (с. Бекболат), 10.00 ч. Прием граждан, 11.00 ч. | с. Кайнар, КазНИИКОХ, 10.00 ч. Прием граждан, 11.00 ч. | с. Бекболат, 15.00 ч. Онлайн (Instagram) https://www.instagram.com/akimatpervomay/p/CZHZELxDVWV/?utm_medium=copy_link Прием граждан, 16.00 ч. Онлайн (Instagram) https://www.instagram.com/akimatpervomay/p/CZHZELxDVWV/?utm_medium=copy_link | | | |
| **Всего: 54** | 8 | 9 | 11 | 10 | 6 | 4 | 3 | 2 | 1 |

**Руководитель аппарата акима района И. Калиев.**

# В КАЗАХСТАНЕ ИЗМЕНЯТ ФОРМУ ДИПЛОМОВ ГОСОБРАЗЦА

**Министерство образования и науки подготовило приказ, которым вносятся изменения в форму документов об образовании государственного образца.**

В частности, изменения затронут диплом о послесреднем образовании.

Как следует из пояснения, он будет выдаваться на двух языках. Также, исходя из международного опыта, изменятся оценки.

Так, вместо пятибалльной системы будет использоваться балльно-рейтинговая буквенная система оценивания (1 курс).

